

ISSN 1727-060X

2002 жылдың қазан айынан бастап екі айда бір рет шығады



ТҮРКОЛОГИЯ

TÜRKOLOJİ

ТҮРКОЛОГИЯ

TURKOLOGY

№ 3 (53), 2011

Мамыр-маусым/mayıs-haziran

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде
2005 жылғы 18-ақпанда тіркеліп, N5597-Ж куәлігі берілген.

Журнал 2003 жылдың мамыр айынан бастап, Париж қаласындағы халықаралық
ISSN орталығында тіркелген.
ISSN 1727-060

Bu dergi Paris'te bulunan Uluslararası İSSN Merkezi'ne Mayıs 2003'te kaydedilmiştir.
Kayıt No: ISSN 1727-060

Түркістан 2011



ҚҰРЫЛТАЙШЫ / УЧРЕДИТЕЛЬ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редакция алқасы / редакцияная коллегия

Хората О. (редакция алқасының құрметті мүшесі); ф.ғ.д., проф. Ахматалиев А. (Бішкек); проф. М.Накип (Түркістан); ф.ғ.д., проф. Бахадирова С. (Некіс); ф.ғ.д., проф. Бердібай Р. (Түркістан); ф.ғ.д., проф. Ыбыраев Ш. (Көкшетау); т.ғ.д., проф. Бутанаев В. (Абакан); ф.ғ.д., проф. Васильев Д. (Мәскеу); ф.ғ.д., проф. Егоров Н. (Чебоксары); ф.ғ.д., проф. Ергөбек Қ. (Түркістан); ф.ғ.д., проф. Илларионов В. (Якутск); ф.ғ.д., проф. Закиев М. (Қазан); т.ғ.д., проф. Қызласов И. (Мәскеу); ф.ғ.д., проф. Қайдар Ә. (Алматы); т.ғ.д., проф. Мадуан С. (Түркістан); ф.ғ.д., проф. Махмеддин Н. (Алжир); ф.ғ.д., проф. Миннегулов Х. (Қазан); ф.ғ.д., проф. Мұсаев К. (Мәскеу); ф.ғ.д., проф. Мырзахметов М. (Алматы); ф.ғ.д., проф. Нуреддин М. (Бейрут); ф.ғ.д., проф. Орус-оол С. (Қызыл); ф.ғ.д., проф. Сарыбаев Ш. (Алматы); ф.ғ.д., проф. Тұрал С. (Анкара); ф.ғ.д., проф. Тухлиев Б. (Ташкент); ф.ғ.д., проф. Тыбыкова А. (Горно-Алтайск); ф.ғ.д. Улаков М. (Нальчик); ф.ғ.д., проф. Черемисина М. (Новосибирск); ф.ғ.д., проф. Хребитсек Л. (Прага); т.ғ.д., проф. Ювалы А. (Кайсері); ф.ғ.д., проф. Шайхулов А. (Уфа); ф.ғ.д., проф. Щербак А. (Санкт-Петербург); ф.ғ.д., проф., ф.ғ.к. Әбжет Б. (жауапты редактор); Танауова Ж. (жауапты хатшы).

Редакция алқасының төрағасы / председатель редакционной коллегии

Ташимов Лесбек Ташимұлы

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ президенті, техника ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактор / главный редактор

Ергөбек Құлбек Сәрсенұлы

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ вице-президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактор орынбасары /

Заместитель главного редактора

Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы

Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры философия ғылымдарының докторы, профессор

SAHIBI / OWNER

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

Yayın Danışma Kurulu / Editorial Board

Yayın Danışma Kurulu Başkanı /

Head of the Editorial Board

Prof.Dr.Lesbek Taşimoglu Taşimov

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Rektörü

Baş Editör / Editor-in-Chief

Prof.Dr.Kulbek Sarsenuli Ergöbek

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Rektör yardımcısı

Baş Editör Yardımcısı /The assistant to the Editor-in-Chief

Prof.Dr. Dosay Tursinbayulu Kenjetay

Türkojoloji ilmi-araştırma institüsü Başkanı

Horata O. (Yayın Kurulu Üyesi); Prof.Dr. Ahmatalyev A. (Bişkek); Prof.Dr. Bahadrova S. (Nökis); Berdişay R. (Türkistan); Prof.Dr. Ş.Ibraev (Kökşetau); Prof.Dr. Butanayev B. (Abakan); Prof.Dr. Vasilyev D. (Moskova); Prof.Dr. Veliyev K. (Bakü); Prof.Dr. Egorov N. (Çeboksarı); Prof.Dr. Ergöbek K. (Türkistan); Prof.Dr. İllariyonov V. (Yakutsk); Prof.Dr. Zakyev M. (Kazan); Prof.Dr. Kızlasov İ (Moskova); Prof.Dr. Kaydar A. (Almatı); Prof.Dr. Maduan S. (Türkistan); Prof.Dr. Mahieddin N. (Aljir); Prof.Dr. Minnegulov H. (Kazan); Prof.Dr. Muzahmetov M. (Taraz); Prof.Dr. Musayev K. (Moskova); Prof.Dr. Nureddin M. (Beirut); Prof.Dr. Orus-ool S. (Kızı); Prof.Dr. Saribaev Ş. (Almatı); Prof.Dr. Tural S. (Ankara); Prof.Dr. Tuhliev B. (Taşkent); Prof.Dr. Tıbıkova A. (Gorno-Altaysk); Prof.Dr. Ulaov M. (Nalçık); Çeremisina M. (Novosibirsk); Prof.Dr. Hrebitsek L. (Praga); Prof.Dr. Yuvalı A. (Kayseri); Prof.Dr. Şayhulov A. (Ufa); Prof.Dr. Şerbak A. (Sankt-Peterburg); Dr. Abjet B. (Genel editör); Tanauova J. (Genel sekreter).

Орынбай БЕКЖАН

КӨНЕ ТҮРКІ КҮЛ ЖАЗУЫНДАҒЫ БЕЛГІСІЗ ЕКІНШІ КІРІГІҢКІ
ДАУЫССЫЗДАРДЫҢ МАҒЫНАСЫ МЕН ТАҢБАСЫ

В статье рассказывается о губных и негубных аффрикативных согласных, прежде неизвестных в древнетюркских письменных памятниках. И дается подробное разъяснение к чтению, с помощью этих звуков, имени Боджман, которое раньше читалось ошибочно, как Бумы.

Bu makalede, bugüne dek bilinmeyen eski Türk abidelerindeki DJ ünsüzlerinin anlamı ve damgalarından bahsedilmektedir. Ayrıca, geçmişte Bumin Kağan olarak hatalı okunan Göktürk hanedanlığına kurucu kağanın ismi, söz konusu sesli damgalarla Bodjman olarak okunduğu öne sürülmektedir.

Қазақ тілінде кірігіңкі (аффрикат) дыбыстарға жататын ДЖ мен Ч (тш) дыбыстары диалектілік ерекшелік деп саналатыны мәлім. Бұл тұрғыда Ч дыбысының кірігіңкі және диалектілік ерекшелік екендігінде дау жоқ. Ал ДЖ (сөздің басындағы) дыбысына келсек, олай деп нақты тұжырым айтуға болмайды. Бұл тұста қазақ диалектологтары терең экспериментті фонетикалық әдістерге жүгінбестен тек есту арқылы үстірт қорытынды жасаған деуге болады. Яғни, құрамындағы Д дыбысы анық естілетін ДЖ дыбысын ғана ескеріп, сол дыбыс қолданылатын аймақтарды анықтаған. Сөйтіп диалектологтар қазақ тілін Ж-шыл және ДЖ-шыл сөйленістерге (говорларға) бөлді. Бұлардың басым көбі Ж-шыл диалект деп әдеби тілге осы нұсқаны қабылдағаны аян. Диалектологтар негізінен ДЖ-шыл диалектіні тұтынушылар Қазақстанның Жамбыл, Алматы-Талдықорған, Семей-Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан [1] деп анықтаған. Бұлар пындығында шекаралық аймақтар болып табылады.

ДЖ кірігіңкі дыбысының қазақ және түркі халықтарындағы қолданылуы мен пайда болуы мерзімін анықтауға көптеген ғалымдар назар аударды. XIX ғасырдағы қазақ тілін зерттеуші ғалымдар В.В. Радлов, Н.И. Ильминскийлер ДЖ дыбысының негізінен шығыс аймақтарда кездесетінін, ал батыс аймақта қолданылмайтыны туралы [1, 26] ескерте кетеді. В.В. Радлов өз еңбегінде мынадай мысал келтіреді:

Джазғұ тұрғұ ақша қар джаумақ қайда, джар-джар,

Құлүн тайдай айқасқан оң джақ қайда, джар-джар.

Азар джақсы болса да қайын атамыз, джар-джар,

Айналайын әкемдей болмақ қайда, джар-джар.

Ал П.М. Мелиоранский ол дыбыс туралы мынадай пікір айтады: «Лшл (т. е. дж – С.О.) – есть звук, который можно было бы изобразить через дж. Предзвучие д не следует выговаривать слишком ясно. В западной части степи оно даже совсем исчезает» [1, 27].

Біздің анықтауымызша, қазақ тілінде ДЖ-ның үш түрі бар. Біріншісі диалектологтар нақты анықтаған аймақтардағы ДЖ дыбысы. Бұның

ерекшелігі алдыңғы Д дыбысы неғұрлым анық, ашық айтылады. Бұл тұрғыда бұл нұсқаны бірігіңкі дауыссыздарға жатқызған дұрыс деп білеміз. Бірақ бұл ДЖ бірігіңкі дауыссыздарының басқа НТ (қант), РТ (қарт), ЛТ (салт) тәрізді бірігіңкі дауыссыздардан айырмашылығы бар. Мысалы, басқа бірігіңкі дауыссыздар сөздің соңында келетін болса, ДЖ бірігіңкі дауыссызы тек сөздің басында ғана қолданылады. Басқа бірігіңкі дауыссыздарды құрайтын дыбыстар буын түйісінде екі буынға ажырап кете алады (қан-ты, сыр-ты-на), ал ДЖ бірігіңкі дауыссыздары сөздің ортасы мен аяғында қолданылмайды.



ДЖ-ның екінші түрі кірігіңкі (аффрикат) дауыссыздар деп санаймыз. Бұл диалектологтар ашық Ж дыбысымен сөйлейді дейтін, алдыңғы шекаралық аймаққа қарама-қарсы орналасқан өңірдің тіл тұтынушыларының тіліндегі ДЖ кірігіңкі дауыссыздары деп білеміз. Бұл дыбыс пшындығында ашық Ж дыбысы емес, Ч дыбысы сияқты нағыз кірігіңкі дыбыс. Мұнда Д дыбысы анық байқалмайды, Ж-мен тұтасып шұғыл шығады. Барлық қазақтар, алдыңғы бірігіңкі ДЖ дауыссыздарымен сөйлейтіндерден басқалары, осы дыбыспен сөйлейді. Ал бұл таза ашық Ж дыбысы емес. Ашық, таза Ж дыбысы диалектологтардың өздері айтқандай сөздің ортасында ғана келеді. Міне, осы ашық, таза Ж дыбысы қазақ тіліндегі үшінші Ж дыбысы болып есептеледі. Бірінші бірігіңкі ДЖ дауыссыздарын жазуда осы күйінше ДЖ дыбыстарын қосарлап таңбалауға болады. Бұл тек тілдік ғылыми әдебиетте ғана қолданылады. Ал әдеби тілдегі бұрын жай Ж деп жүрген кірігіңкі ДЖ дауыссыздарының құйрықты Ж-мен таңбаланғаны дұрыс болады. Біз бұрын әдеби тілдегі жай Ж-мен жазылады деп жүрген, мысалы, *жан, жақ, жер, жеміс* тәрізді сөздеріміз құйрықты Ж-(дж)мен жазылуы керек. Қазақ тілінде сөз басында ашық, таза Ж дыбысынан ешқандай сөз басталмайды. Олар кірігіңкі Ж (ДЖ)-мен айтылады: *жан, жақ, жер, жеміс*. Ал сөз ортасында нағыз ашық, таза Ж қолданылады: *тұжырым, қыжым, кешім, Бөжей, абысын-ажын* т.б.

Ежелгі дәуірде ДЖ дыбысы түркі халықтарында қолданылды ма деген сұраққа түркітанушы ғалымдардың арасында оның қолданылғандығы туралы дәйекті пікір білдірген ғалым А. Бернштам болған. Ол армян және араб жазбаларында және қазіргі зерттеушілер ұсынған фонетикалық нұсқаларда келтірілген *йабғұ // йабағұ, джабғұ // джабағұ // джабағұ* сөздерін мысалға келтіреді. Ол сөз түркі қағандарының өкіл әкімі лауазымын білдірген. Сондай-ақ ол ежелгі грек авторларының *Джайық // Йайық* атауларын келтіргенін де атап өтеді [1, 37]. Диалектолог ғалым С. Омарбеков А. Бернштамның жоғарыдағы тілдік дәйектерге сүйеніп, қазіргі Қазақстан мен Қырғызстан аймағында ежелгі заманда өмір сүрген Батыс түрік қағанатын құрысқан түркі тайпалары ДЖ-шыл диалектіде сөйлеген дейді. Ал олар қазіргі қазақ тілінің ерекшелігі болып табылатын ДЖ-шыл (>Ж-шыл)

тілді дүниеге әкелген тайшалар болса, онда ол VI-VIII ғасырлардағы түркі тайшалары қазақ халқының шығу тегіне тікелей қатысты болғанын білдіреді [1, 37] деген тұжырым жасаған. Бұл жерде А. Бернштам Монғолия аумағындағы Шығыс түрік қағанатын құрған түркі тайшалары негізінен Й-шыл диалектіде, ал Батыс түрік қағанаты аймағындағы тайшалар ДЖ-шыл диалектіде болған деген қорытындыға келіп, Шығыс түрік қағанатын құрушы тайшалар қазақ халқын құруға қатыспаған дегендей пікірді де аңғартқан. Бұл жерде, әрине, орқұн ескерткіштерінде ДЖ-мен келетін сөздердің болмағандығы сол пікірдің тууына негіз болғаны белгілі. Алайда ежелгі дәуірдегі түркі тілі негізінен Й-шыл тіл болғаны қасерге алынбағаны көрініп тұр.

Осы тұрғыда С.Е. Малов көне түркі жазба ескерткіштерінде ДЖ дыбысы болмағанын, енесей қырғыздарына тән деп есептелген жазбалар тілі Й-шыл диалектіде [1, 34] деген қорытынды жасаған. Қазіргі қырғыз тілі де, қырғыздардың шыққан мекені Алтай-Саян тауларында тіршілік кешкен түркі тайшалары да ДЖ-шыл диалектіге жататыны белгілі. Олар қазір де сонда тұрып жатыр. Олардың кейбір рулары қазақ құрамындағы найман мен керей руларында да ұшырасады [1, 34]. Жоғарыда айтылған қазақ диалектісіндегі бірінші ДЖ-шылдық қазіргі қырғыз тілінің жалпы халықтық ДЖ-шылдық ерекшелігіне сәйкес келеді. Мүмкін одан да анық ДЖ-шылдық белгілер анықталуы да ықтимал. Әйтсе де С.Е. Малов қазақ тілінің тарихына қатысты еңбегінде [1, 37] түркі тілдеріндегі ДЖ мен Й-дың қатар қолданылу дәуірі М. Қашқари кезеңінен де бұрынғы VIII ғасырға дейінгі заманда болған деп санайды. Ол бұндай пікірді А. Бернштам секілді араб, армян және грек дереккөздеріне сүйеніп пайымдайды. Иә, атақты тілші ғалымымыз М. Қашқари да түркі тайшаларында бір-бірімен салыстырғанда ДЖ дыбысын қолданатын рулардың болғанына мысал келтіреді: «Түбір сөздерде өзгерістер аз болады. Өзгерістер түбірдегі кейбір әріптердің алмасып айтылуы, түсіп қалуы сияқты болып келеді. Мысалы, Й әршімен басталған атаулар мен етістіктердің басқы әршін **оғыздар** мен **қышпақтар** *a* әршіне немесе *ж* әршіне айналдырады. Сол себептен түріктер мүсәшірді *йәлкін* десе, олар (оғыздар) *әлкін* дейді; түріктер *йылығ сув* – жылы су десе, олар *ылығ сув* дейді. Осы сияқты түріктер *інжуді йінжу* десе, оғыздар *жинжу* дейді. Түріктер түйенің ұзын жүшін *йуғду* десе, олар *жуғду* дейді» [2]. Міне, бұл XI ғасырдағы түркі тайшаларының тілі туралы келтірілген нақты мәлімет. Мұнда айтылған *йуғду* мен *джуғдуды* қазіргі қазақтар түгел *шуда* деп атайтыны мәлім. Бұл Й-ДЖ-Ш өзгерісіне дәлел бола алады. М. Қашқари *джуғду* сөзін арабтың **джим** әршімен жазған, ал жоғарыдағы кітапты аударып шығарушылар ол таңбаны қазақ тіліндегі **Ж** әршімен транскрипциялапты. М. Қашқари бұл жерде **түрік** деп Түркі қағанаты орнаған қазіргі Моңғолия мен Самарқанға дейін орналасқан қағанатты құруға қатысқан түркі тайшаларын айтып отыр. Ал **оғыз** деп сегіз оғыз бен тоғыз оғыз (біз бұлардың алдыңғысын найман, кейінгісін керей деп танымыз) және олармен тығыз

қарым-қатынаста болған арғу мен қырғызды және Сібір түркілерін айтқан деп болжамдаймыз. Бұған, әрине, қазіргі оғыз тобына кірген халықтарды құраған тайпалар да қосылатыны күмәнсіз. Біздің зерттеулеріміз бойынша енесей күл жазба ескерткіштерінде *арғу (арқырт), сегіз оғыз, тоғыз оғыз және қырғыз* тайпалары қатар жазылған, олардың атынан жазылған жазбалардың бар екені анықталды. Бұл туралы алдағы еңбектерде сөз болатын болады. Қазір біз сол енесей ескерткіштерінде жазылған, бұрынғы зерттеушілер мағынасын аша алмаған ДЖ бірігіңкі дауыссыздарының таңбалары туралы сөз қозғаймыз. Бұл жайында бұрынғы бір еңбегімізде [3] қысқаша мәлімет келтірген де болатынбыз.

Ол жұмысымызда Е-16 ескерткішінде  мына таңба арқылы жазылған Қ¹аД¹аДЖ(Л¹аР¹ыМа), Б¹аДЖ сөздері туралы айтылған еді. Жалпы ДЖ бірігіңкі дауыссыздары мен таңбасы туралы ең алғаш С.Я Байчоров [4] еңбегінде сөз болған еді. Ол өз еңбегінде мына  таңбаны ДЖ, Ч деп оқыған болатын. Бұл таңба Ашықтас жазуында [5] да кездесті, біз оны А таңбасы деп оқыған едік. Сондай-ақ осы таңба Талғар жазуында да ұшырасты, бұл да біздің оқуымызша ДЖ бірігіңкі дауыссызы мағынасында [3, 87] оқылды. Онда ЕКеДЖ (иіруші) сөзінде сөз соңында қолданылған еді.

ДЖ бірігіңкі дауыссыздары жөнінде Қ. Сартқожаұлы [6] арнайы мақала жазды. Онда көне түркі жазба ескерткіштерінің әліпшиінде «Ж» дыбысы болған, бірақ Й дыбысының таңбасымен берілген деген болжамын ұсынған. Оның ойынша Й таңбасы сөздің басында Ж болып оқылады да, сөз ортасында және сөз аяғында Й болып оқылады екен. Қ. Сартқожаұлы ежелгі дәуірдегі жазба ескерткіштерде келтірілген Ж дыбысының қолданылуы жайында 14 түрлі дәлел келтіреді. Оның ішінде қазіргі қышпақ-қырғыз тобындағы тілдерде және манчжур, монғол тілдерінде толық қолданыста екенін де дәлел ретінде атайды. Оның жоғарыдағы дәлелдерді келтіріп, көне түркі күл әліпшиінде ДЖ дыбысы болған деп қорытынды жасағаны құптарлық іс-әрекет. Алайда оның аталмыш мәселенің шешімін табу туралы ұсынысы тілші ғалымның тұжырымына сай пайымдау деуге келмейді. Ол ең алдымен көне дәуірде апық, таза, жай, жалаң Ж дыбысы қолданыста болды ма деген сұраудың басын ашып алу зерттеушілердің ең негізгі анықтайтын мәселесі екенін ойға да алмайды.

Оның болжауынша J Й¹, 9 Й² әріптерімен Й дыбысын да, Ж дыбысын да таңбалай берген, оның үстіне бұл I Түркі қағанаты құрылған соң жасалған жазу реформасының шешіміне сай болған. Яғни, қытайлар сияқты әр түрлі диалектілер өз диалектілеріне сай оқи, жаза береді екен. Сонымен бірге Ж дыбысы тек сөздің басында ғана қолданылып, ортасы мен аяғында Й болып оқылады екен. Бұдан Қ. Сартқожаұлының тарихи тілдік жағдайды қазіргі тілдік сәйкестіктер арқылы ғана талдап түсіндіруге бейімдігін аңғаруға болады. Соның өзінде оның **кежір, бұжыр, қыж-қыж, баж-баж** тәрізді сөздерді көне дәуірдегі бабаларымыз қалай таңбалады екен деген пайымға ой

жүгіршегенін көреміз. Осындай қате, саяз пікірлерін филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына да енгізгені [7] және оны қорғағаны да мәлім. Ол біз жоғарыда келтірген М. Қашқаридың *Йуғду // жуғду* сөзін «жүкті түйе» деп түсіндірген. Қ. Сарғожаұлының еңбектерінде осы сияқты үстіртін, қате түзетілген сөздер, пайым-тұжырымдар көп кездеседі.

Біздің зерттеулеріміз ежелгі замандағы тілші-ғалым бабаларымыз ДЖ бірігіпкі, кірігіпкі дауыссыздарына арнайы таңба арнағанына көз жеткізді. Оған жоғарыда келтіргендей төрт бұрышты, төрт құлақты, ортасында нүктесі бар таңбадан басқа езулік буынға арналған мына 𐰇 , 𐰈 таңбалар белгіге алынған. Ашықтас ескерткішінде кейінгі үш бұрышты белгі [5, 76] сәл көлбеулеу орналастырылған. Біз ол таңбаны ГЧ^3 буыны ретінде оқыған едік. Қазір ол таңбаны да ДЖ³ езулік буынды кірігіпкі дауыссыздар түрінде оқуға болатыны туралы ой түсті. Олай болғанда ол сөз $\text{e} \text{𐰇} \text{P} \text{e} \text{ЛТ} \text{ДЖ}^3 \text{Б}^2$ (таргысып, сүйресіп, жетектесіп) болып оқылады. Біз бұл жазу жазылған таяқшаны тілдік дәйектеріне қарай XII-XIII ғасырлардың куәсі деген топтамға келген едік. Сол маңда арғулардың тұратыны жайында М. Қашқари айтып кеткені белгілі. Бұл мәлімет Талас ескерткіштерінде де ДЖ дыбысының қолданылғанына айғақ бола алады.

Енесей ескерткіштерінде осы таңбалар арқылы жазылған бірнеше сөз анықталды. Оның ішінде 𐰇 АДЖ³А сөзі ескерткіштердің көпшілігінде қайталанатын. Бұл сөз тіліміздегі «Ай дер ажа жоқ, қой дер қожа жоқ» деген мәтелдегі **ажа** сөзі. Бұл үлкен кісіге қарата айтылатын туыстық, сыйлау мағынасындағы атау. Осы сөзден өрбіген әкенің шешесі, қарт ананы атайтын **әже** сөзі тілімізде әлі де қолданылып келеді. Енді осы сөздер қолданылған ескерткіш мәтіндерін келтірейік. Бірінші АДЖ³А сөзі Е-41 (6) ескерткішінде қолданылған. Алдымен С.Е. Маловтың [8] транскрипциясын ұсынайық: 6-жол. Ер ердемім адақы ана егмеч егет йеріптім. Орысша аудармасы: «Моя геройская доблесть, батюшка (мой), от моей тетки, мать, супруга, служанки (со всеми вами) я разлучился». Д.Д. Васильевтің [9] транскрипциясында **адақы** деген сөзден кейін **гме** дыбыс тіркестері қосылған, басқалары бірдей. Біз бұларға қосымша А.Н. Бернштамның [8, 74] түсірген ескерткіш фотосуретін, Н.К. Оркунның ұсынған фотосуретін салыстыра қарап ескерткішті түгел қайта оқып шықтық. Әрине, мұнда көп өзгерістер бар. Алғашқы зерттеушілер байқамаған, байыптай алмаған деректерді өз қалпына келтіруге тырыстық. Түшнұсқасы, 6-жол: $\text{mPr}^1\text{:tgC:}\% \text{𐰇} \text{a} \text{𐰇} \text{:EmCg:}\frac{1}{4}\text{qDm}^0\text{drr}$

Транскрипциясы: $\text{eP}^2 \text{eP}^2\text{D}^2\text{ӨM}^4\text{YM}^4 \text{aD}^1\text{a} \text{aK}^1\text{a} \text{YR}^4\text{Y} \text{ПГЧ}^3\text{ME} \text{АДЖ}^3\text{А} \text{ӨГ}^4\text{ӨM}^4\text{Ө} \text{ГЧ}^3\text{ПГТ}^2\text{e} \text{Й}^4\text{YR}^2\text{ЛТТМ}$

Аудармасы: Ердің ерлік даңқына сай ата, ақа, ер-еркек нығайтушы-жоғарылатушыма ажа, өгөме (сыйлы, көпті көрген ұстаз қария) ішке тарта

абаңча деген тіркестен ата-баба жолынан айнымау бұлжымас қағида болғанын сеземіз.

Енесей ескерткіштерінде *чигсі, чигші, чикджи* нұсқатүрлерімен аталған ел атауы бар. Бұл этноним арғын тайпасындағы ру аты екені ескерткіште келтірілген. Бұл туралы *РТ* таңбасы [12] жайындағы еңбегімізде ертедегі арғын тайпасына жататын *шекті* руының көне нұсқасы деген едік. Шынында да *чигсі* атауы шектіге айналғаны күмән тудырмайды. Аталған еңбекте Е-70 [9, 90] ескерткішінде *Куліг чигсі, орұнұ чигсі* тіркестері жазылған деп түсіндіргенбіз. Қазіргі оқуымызда оны жетілдірдік. Транскрипциясы: К⁴ӨК⁴ Т⁴ҮР⁴ҮК²ҮЛҮГ ЧІГС²І, ОР¹ҮҢҚҮ ЧІГС²І еЛ²ІМК²І (Көк түрүктік чигсі, ордалық чигсі елімнің...). Бұл тіркестен жазудың Көктүрік қағанатына қараған кездегі бітігі екенін аңғарамыз. *Чигші* сөзі Е-24 [8, 44], [9, 100] ескерткішінде жазылған. С.Е. Малов транскрипциясын келтірейік: (5) Ынанчу күлүг чигші бег ер ердемім үчүн (Ради моей геройской доблести я, Ынанчу именитый чигши). Біздің транскрипциямыз: аНЧа... К еН²Л²ІГ аНЧа ЧІГШІ еЛ²І Б²еГ¹ еР² еР²Д²еМіМ ҮЧҮН²... (Сонша... к ен-таңбалы, сонша Чигші елінің бегі ердің ерлік даңқым үшін...). Е-19 [8, 41], [9, 94] ескерткішінде де *чигші* ел атауы келтірілген. С.Е. Малов транскрипциясы: (1) Кутлуг чигші бен қадыр йағыда (Я Кутлуг («счастливый») чигши. При жестоких врагах (войнах)). Біздің транскрипциямызда көптеген оқылмаған тың жаңалықтар бар. Оның көпшілігіне кейін арнайы тоқталу қажет, қазір қысқаша үзіндімен шектеліейік: Транскрипциясы: (1) ... ОЛ⁴ОНҚ ОЛ⁴ОНҚЛ⁴ҮҮҒ ЧІГШІ Б²еН² Т⁴ОҚ⁴ҮШЫНЧ Шад¹ыр¹ Й¹аҒыД¹А (Үлу (айдаһар) ұлулық чигші мен соғысушы шадыр (қатал, жауыз) жауда). С.Е. Малов *шадыр* сөзін *қадыр* деп қате оқыған. Себебі ол сөздер төңкеріліп және күрделі графемамен жазылған. Дегенмен болжамдап болса да, ол сөзді дұрыс аударған. *Чикджи* сөзі Е-42 [8, 76], [9, 107] ескерткішінде жазылған, бірақ оны алғашқы зерттеушілер оқи алмаған. Себебі сөз күрделі графема арқылы берілген. Ескерткіште көп мәліметтер оқылмай қалған. Оны толық талдап, түсініктемесін беруді келешек жұмыстың еншісіне қалдырамыз. Қазір қысқаша транскрипциясын келтірейік: ... асыз, асыз, асыз йеріме, ыдұуқ йеріме, есізке, есіз ЫЗТ⁴ҮУҚ Й⁴ҮЗіМе, есіз арқы(рт), ЧіКДЖ³і еліме (асыл, асыл, асыл жеріме, қасиетті жеріме, асылға, асыл Ызтуқ жүзіме, асыл арқырт, чикджи еліме...). Бұл мысалдардан көне түркі дәуірінде *арғын, қырғыз* тайпаларында *чигсі, чигші, чикджи* атаулары нұсқатүр ретінде қатар қолданылғанын аңғарамыз. Е-13 [8, 35], [9, 92] ескерткішінде *ДЖ* кірігіңкі дауыссыздарының сөз соңында да қолданылған мысалдары ұшырасты. Оны төменде келтіреміз. *Чик* этнонимі Білге қаған, Мойын Чор ескерткішінде қырғыз тарабына шабуыл кезінде келтіріледі. Соған қарағанда этнонимнің негізгі түбірі *чик* нұсқасы болғанын білуге болады. Сонымен біз езулік *ДЖ*³ бірігіңкі-кірігіңкі дауыссыздарының

таңбаларының үш \square , \square , э , э нұсқасына мысалдар келтірдік. Бұның соңғы үшінші нұсқасының өзі ұқсас екі нұсқатүрден тұрады: біріншісі, доғаның, екіншісі, бұрыштың ортасынан өтетін түзу сызықты түрлері.

Осы кірігіңкі дауыссыздардың еріндік нұсқасы да бар. Бұл нұсқа бүкіл әлемдік – әрі түркологиялық, әрі тарихи– жаңалықтың апылуына

себешкер болатын әріп таңбасы болып отыр. Өйткені бұл э ОДЖ^4 , ҰУДЖ^4 , $\text{ДЖ}^4\text{О}$, $\text{ДЖ}^4\text{ҰУ}$ таңбасы Күлтегін үлкен жазуының бірінші жолында жазылған, бұрынғы зерттеушілер қате оқыған, Көктүрік қағанатын құрушы

ұлы Бумынның ескерткіште жазылған шын аты в β $\text{Б}^1\text{ОДЖ}^4\text{МаН}^1$ екенін

дәлелдейтін таңба. Алғашқы зерттеушілер э таңбаның нақты айырмашылығына назар аудармай, өздеріне белгілі о О , Ұ , ҰУ дыбысының таңбасы ретінде оқыған. Бұл Боджман, қазіргі айтылуында БОЖБАН, Қоңырат тайпасының негізгі руларының бірінің аты. Біздің бұл Божбанның сол Көктүрік қағанатын құрушы Боджман қаған екеніне көптеген бұлтартпас дәлелдеріміз бар. Бірінші дәлеліміз: рулық шежіреде Божбан атаны дүние жүзіне әйгілі Алшамыс батырдың өзі деп көрсететін нұсқалар бар. Қазақ Совет Энциклопедиясында Божбан ата туралы дерек берілген. Онда былай дейді: «Божбан – Орта жүз, Қоңырат ішіндегі Көтенші руынан тараған ата. Шежіре бойынша Б-нан Ұржық, Жұмық, Қожағұл, Жәукім, Итемген, Құлым, Бекарыстан, Тоқпақ дейтін сегіз ата тарайды. Аңыз бойынша, Б. – Жиделі-Байсындағы Алшамыс батырдың ұрпағы, бала кезінде Көтеншіге келіп сіңген. Көтеншіден тараған Сары, Сапар, Маңғытай, Саңғыл елдерімен бірігіп, «Бес Божбан» атанған. Б. Окт. Революциясына дейін Шымкент уезінің оңт.-батысын, Сырдың екі жағын мекендеген. Таңбасы – Қоңыратқа ортақ босаға таңба (\square)» [13]. Шежірелердің бірінде Божбан ата Алшамыс батырдың ұрпағы делінсе, екіншісінде Алшамыс батыр Божбан атаның ұрпағы болып айтылады. Ал үшіншісінде Алшамыс батыр мен Божбан ата екеуін бір кісіге телиді: «Бір деректе «Божбан» Жиделі Байсындағы Алшамыс батырдың ұрпағы, бала кезінде Көтеншіге келіп сіңісіп кеткен десе, екіншіде Алшамыс батыр «Божбан еді» дейді» [14].

Бұл деректерден Алшамыс батыр мен Боджман қағанның арасында байланыс бар екені анық байқалады. Алшамыс батыр жырының «Одиссеямен» сәйкестігін қашерге алсақ [15] эпос кейішкері б. д. д. XIII ғасырдың тұлғасы саналар еді. Халықтық эпостар, онда жырланатын қаһармандық оқиғалар тізбегі ұрпақтарға жалғасып, ұзақ тізбек құратыны аян. Олай болса, сол тізбек Боджман қаған ерліктеріне де ұласып өз алдына дербес жырланған деп пайымдауға болады. Кейін эпостық қаһармандар тізбегі бір батырдың бойына жинақталып айтылуға жеткені эпостағы оқиғалардың әр түрлі дәуірлерде сипатталуынан көрінеді. Алшамыс атауының екі сөзден құралғаны «Қорқыт ата» кітабындағы Алып Бамсы

батыр есімінен аңғарылады. «Алшамыс батыр» жырын академик В.М. Жирмунский V ғасырда туған деп пайымдаған. Сонымен бірге ол Алшамыс пен Манас есімдерінің ұқсастығы туралы пікір білдіреді. Яғни, Алшамыс есімімен орта ғасырларда хатқа түскен «Қорқыт ата кітабындағы» Байбөрі (Байбура) баласы Алып Бамсы мен алтай халқының «Алып Манап» және қырғыздың «Манасы» сәйкес, оның себебі Алшамыс Алып Мамыш (немесе Манап) тіркесінен туған [16] деп санайды. Боджман батыр алып бабаларына ұқсап Сары теңіз-Сары өзеннен бастап, Пүрүм – Аурупаға дейін жаулаған, Көктүрік қағанатын құрған алып қаған болғаны көне түркі жазба ескерткіштерінен белгілі. Осы ерлігін жыраулар жырлап ұлы эпос тудырғаны туралы ұлы М. Әуезов те өз пікірінде айтып кеткені мәлім. Алшамыс есімі Боджман қаған атынан туған. Оның шығу тегіні есім буындарын алмастырып айтудан пайда болған. Мысалы, қазақ есімдерінде Байбөрі – Бөрібай, Байсары – Сарыбай тәрізді буын-сөздерді ауыстырып айтудан **Боджман – Манбодж** болып өзгеріске түскен деуге болады. Алдыңғы *ман* буыны *ман //бан //пан* сәйкестіктеріне түрлене алады. Ал соңғы *бодж* буыны *бодж //бош //бос* сәйкестіктерімен өзгеріске түседі және алдыңғы Б дыбысы да *б //м //н* сәйкестіктеріне ауыса алады. Осыдан *банбос >банмұс >банмыс >баммыс >бамсы* өзгерісі туса, ал *банбос >баннас >маннас >манас* атауы осылай шығады. Бұдан басқа *Мамыш* есімі *Манмыш >Маммыш >Мамыш* өзгерісінен, *Манап >Маннап* -тан пайда болады. Ал Алшамыстағы *Памыс панмыс >паммыс >памыс* түрленісінен туғаны анық деп тұжырамыз.

Н.Я. Бичурин өз еңбегінде [17] түріктердің хуннан тарағанын, түп атасы Ашина болғандығы жайындағы деректерді келтіреді. Ашинаның қаншық қасқырдан туғаны туралы аңызға сәйкес, ғалымдар ол сөзді монғол тіліндегі *чоно* (қасқыр) сөзінен туындайды. Егер Алшамыс-Боджман қағанның әкесінің аты **Бай Бөрі** екенін ескерсек, Ашинаның монғол тіліндегі **А Чоно** -ға сәйкес екенін сезуге болады. Чоно *бөрі, қасқыр* [18] мағынасындағы сөз болса, А дыбысы *Бай* (ұлы) сөзіне сай *ах //их* [18, 14] (аға, ұлы) сөзінен қытай тіліндегі дыбысталуымен өзгергенін көреміз. Бұдан басқа Ашина есімін «Алшамыс батыр» жырындағы [19] Алшамыстың әкесі Байбөрінің әкесінің бір туған ағайыны **Шыныбай**мен де сәйкестіруге болады. Шыныбай есімін *Бай Шыны* деп алмастырып айтсақ, жоғарыдағы талдаудай **А Шоно** есімі шығады. Бұдан *Боджман-Божбан* қағанның түп-тек атауларының сәйкестігін аңғарамыз. Әбілғазы ханның жазбасындағы [20] монғолдың қырылуы мен одан аман қалған Қиян мен Нүкүз ұрпақтары Ергене Қоннан шыққандағы патшасының аты **Бөрте чене** аталады. Бұны да талдасақ *Бөрте* сөзі түркіше *Бөрі* сөзіне келсе, *чене* сөзі монғолша *қасқыр* мағынасын білдіреді. Бұл да Байбөрі мен Шыныбай аттарынан қосарласқан есімдер деуге келеді.

«Алшамыс батыр» жырының нұсқаларында Байбөрінің әкесі жиі көрінбейді. Тек Ә. Байтұрсынұлы нұсқасында ғана **Ордабай** аталатыны айтылады. Бұл нұсқада Байбөрі мен Құлтай, Шыныбайлар Ордабайдан туған

ағайындылар саналады. Өзбек нұсқасы «Алшамыш» [21] жырында Алшамыстың атасының аты **Алшын би**, бабасының аты **Дабан би** аталады. Әбілғазы еңбегінде [20, 39, 40] Шыңғыс ханның да, қоңыраттың да бабасы **Қиян** аталатын еді дейді. Одан ары Шыңғыс ханның Қияннан бергі бабасы **Добун баян** еді деген мәліметті келтіреді. Біз бұл жерде Алун сұлудың нұрдан үш бала табуы туралы қиялға көңіл аударуды жөн көрмейміз. Сондай-ақ Добун бай (баян – монғолша) есімі де шатыстырылып бергі дәуірге әкелінуі монғол тарихшыларының (Рашид ад-Диннің кезіндегі қидандардың) бұрмалауының әсерінен болған деп пайымдаймыз. Біздіңше жоғарыда айтылған Алшамыс батырдың бабалары *Ордабай*, *Дабан би* мен Шыңғыс ханның бабасы *Добун бай* – бәрі бір кісі, яғни, Гомер жырлаған *Одиссей* батырдың түркіше есімдері. Егер *Ордабай* есіміндегі *Ор* буынын бөлек сөзден қосылған бөлік десек, қалған *Дабай* бөлігі *Дабан бай* есімінен қысқарған деуге болады. Мысалы, *Ор Дабанбай* >*Ордабамбай* >*Ордабай*. Бұл жерде гапшология құбылысынан екі *ба* буынының бірі қысқарады. Бұл сөздің қысқаруының екінші нұсқасы *Одиссей* атауына жақын келеді. Мысалы, *Ордабамбай* >*Ордаббай*. Бұндағы *Р* дыбысы қысқарса, сөз *Одаббай* атауына өзгереді. Бұл *Одиссей* есіміне сәйкес келеді. Өйткені *Добун* есімін *Досун*, *бай* сөзін *сай* (Арпоксай, Липоксай, Колаксай) сәйкестіктеріне өзгертсек, *Ор Досун сай* >*Ордосуссай* >*Ордуссай* >*Одуссай* аты туады.

Бұндай салыстырулардан эпостың көптеген дәуірлер оқиғасын бір өзек-арқауға жинауын түйсінеміз. Мысалы, *Одиссей* оқиғасы б. д. д. XIII ғасырда өтсе, одан кейінгі батырлар мен жаугершілік баяндары да өз алдына жырланып цикл-тізбек құраған. Ондай тізбекті негізінен ата-бабадан ұрпақтан ұрпаққа берлетін тектік тәлім-тәрбие ұштастырып қалыптастырады. Батырлардың ұрпақтары да ата жолын қуып, батырлық дәстүрді сақтап жалғастырады. Бұл салт қазақ батырлар жырынан мәлім. Осыған сәйкес *О(р)дуббай*~ *О(р)дуссайдан* басталған жырлар тізбегі *Алыш Панбос* >*Алышаммыс* >*Алшамыс батыр* жырына ұласып ұзақ дәуірлер оқиғаларын бір жырдың өзегіне жинақтаған. Алшамыс жырының бір нұсқатүрі (вариант) Манас эпосын жырлаушылардың арасында Манастың бабаларын да жырлайтын жыршылар [22] болған: «1961 жылдан бастап Қытай оқымыстылары тарапынан «Манас» эпосына қызығушылық байқалып, Қызылсу қырғыз автономиялы облысында «Манасты» жинау мақсатында арнайы экспедиция жасақталды. Кейін елде «Манасты» зерттеу қоғамы құрылып, 90 манасшының аты белгілі болды. Олардың арасында Манастың ата-бабалары **Төгейхан**, **Көбейхан**, **Жаңбыршы**, **Шаянхан**, **Шойхан**, **Бөнейхан** батырларды жеке дастан етіп жырлайтын 52 жастағы Сатыбалды Аалының атағы елге әйгілі еді».

Бұл аталардың ең басындағы *Төгей ханды Төгөн //Тоғон //Ноғон* нұсқаларына таратуға болады. Монғол тіліндегі *ноян* осы *Ноғаннан* өрістегені белгілі. Мысалы, қазақ тіліндегі *бай* сөзі монғол тілінде *баян* аталады. Бұл *бай* сөзінің ежелгі дәуірдегі түпкі нұсқасы екені анық. Ал одан арғы дәуірдегі

нұсқасы *баған* <*бақан*> болады. Бұл *қаған* <*қақан*> сөзінің нұсқа түрі. Жоғарыдағы *Тоған* // *Ноған* нұсқасынан *Ноғаннай* атауын қалпына келтіре аламыз. Әрине, бұл Қоңырат шежіресінің бас кезіндегі *Нағанай* екені даусыз. Бұл *Одуссай* (*Одиссей*) // *Одуббай* // *Онуннай* сәйкестіктерімен де көрінеді. Эпоста батырдың өзінен тараған ұрпақтары да тектік жалғастыққа сай батыр болып, тізбектеліп жырланады. Қазақ батырлық жырларындағы батыр ұрпақтар тізбегі өзімізге мәлім. Ал Манас ұрпақтары *Семетей*, *Сейтек*, *Кененим*, *Сейт*, *Асылбас*, *Сомбілек*, *Шигитейге* [22] дейін жеті ұрпаққа ұласады. Академик Р. Бердібай да Алшамыс ұрпақтарының әрқайсысы да бөлек жырланғанын айтып ескертеді: «Салақтығымыз ба, жоқ әлде «Қаулыға ілінген» жыр болғандықтан ба, сол жыршылардың репертуары толық жазылмай қалыпты. Түркістан түбіндегі Шорнақ ауылында тұратын Әбдірайым Байтұрсынов жыршының да жыры жазылып алынбаған екен. Ол жыршының ерекшелігі Алшамыс батырдың өзінен кейінгі батыр ұрпақтарын да жырлаған. Алшамыс, оның ұлы Жәдігер, оның баласы Аманолла туралы жыршы Әбдірайымда ұзақ жырлар болған. Әлі де іздеп табу керек» [23].

Көктүріктердің құнқтардан (хүн //ғүн) тарайтыны мәлім. Олай болса, бұл этноним де көне түркі жазба ескерткіштерінде жазылуы күмәнсіз болуы тиіс. Бұл тайпа есімі Мойын Чор (Могойн Шинэ Ус) ескерткішінде жазылып қалған. Бірақ ол жазудың алдыңғы бөлігі бұзылып өшкен де, ғалымдар оны *қыбчак* [24] деп оқыған. Мұндағы *qc* *ЧаҚ* буыны бұзылмай сақталса, оның алдындағы таңбаның сілемі қалған. Оның доға түріндегі *v* *H*¹ таңбасын ғалымдар *B*¹ таңбасының жұрнағы деп шешіп, «этноним – белгілі түркі тайпаларының бірі *қыбчак*» деген асығыс та оңай қорытындыға келген. Бұл ескерткішті 1909 жылы Г.И. Рамstedт [25], [24, 55] тауып, оқыған және жариялаған. Ондағы ұйғыр қағанатын құрған кісінің аты қытай жазбаларында Мойын Шор (Моян Чжо) болып жазылғандықтан ескерткіш атын осылай атаған. Кейін зерттеушілер ескерткішті табылған жер атауына сәйкес Могойн Шинэ Ус деп атады. Өйткені ескерткіш Могойн тал жазығы мен Шинэ ус көлінің маңайында орналасқан. Эстампаж және қағаз көшірмелердің өзі нашар көшіріліп, бұзылуға ұшырағандықтан Қ. Сартқожаұлы ескерткішті тікелей тұрған жерінде зерттеп, Г.И. Рамstedт оқуына біршама түзетулер жасаған. Біз Қ. Сартқожаұлының ұсынған фотосуретін пайдаланып өзімізге қажетті тұстарына зерттеу жүргіздік. С.Е. Малов өз еңбегінде *qcβiqfrÇt* түрк қыбчак деп жазып, алғашқы қалыпты түзуге ниет білдірген. Қ. Сартқожаұлы *qcβqfrÇt türk [qyb] čaq* [24, 75, 176(ф19)] деп түпнұсқасын және транскрипциясын ұсынған. Мұнда таңбалар өшкені даусыз. Бірақ фотографияға зер салсақ, *түрук* сөзі мен *чақ* буынының арасында үш таңбалық орын бар екені мәлім болды. Сондықтан *v* *H*¹ таңбасының алдында оқ *ҚҰ* дыбыс тіркестері жазылған деуге болады.

Сегізінші ғасырға дейінгі тарихи жағдайды бағамдасақ, қышпақ тайпасының жетекшілігімен құрылған бір ірі мемлекет түркі халықтарының

тарихында кездеспейді. Қышпақ тайпасының негізгі орналасқан аймағы қазіргі Қазақстанның орталық және батыс, оңтүстік-батыс өңірлері саналатыны белгілі. Бұл аймақтың бәрі де Дунай өзеніне дейін бірінші Түрүк қағанатына енген *сегіз оғыз* (найман), *тоғыз оғыз* (керей), *арғу* (арғын), *қырғыз* тайпаларымен деңгейлес **қышпақ** тайпасын *түрүк* атты жалпылық этнонимге қосып айтатындай жағдаят ол заманда әлі қалыптаса қоймаған еді. Ал бұған қарама-қарсы **құншақ** этнонимі жалпылық атауға толық ие болды деп айтуға толық мүмкіндік болды. *Құншақ* елесіміндегі *құн* сөзі *құнқ* (құн) /*хұн* //*ғұн*/ сөзінен қысқарған түбір. Келесі **шақ** буыны қазақ тіліндегі кішірейту жұрнағын білдіруге ыңғайланған. Ол *шақ* (кіші) сөзі ретінде қазақ тілінде әлі де қолданылып келеді. Бұл сөз *шағын* (<шақ+ын), *ұсақ*, *шағыр* (құм және оның ұсақ бөлшектері), *шақ* (бұтақ) т. б. сөздерде тікелей және құрамдас бөлік ретінде қолданылады. Осы сөздердің бәрінде де *шақ* сөзі үлкен тұтастықтың бөлшегі деген мағынаны білдіреді. Олай болса, **құншақ** этнонимі *құнқ* тайпасының бөлігі деген ұғымды білдіретіні аян болады. Құнқтардың батысқа жорығы ежелгі заманнан бастау алады. Ал *Ашамыс-Одиссей* заманын еске алсақ, олар б. д. д. XIII ғасырдағы ежелгі Византия аймағындағы Троя қаласымен де байланысып жатыр. Қазіргі венгрлер өздерінің тарихын *құнқ* Аттиламен байланыстырады. Венгрлердің тілі фин-угор тілдеріне жатады, алайда Иштван Қоңыр Мандоки бұл тілде 1500-дей түркі сөздері бар [26] деп санаған. Венгр тілінде фин-угор және түркі тілдерінің қоспасы барлығына сәйкес *Хунгар* ел атауы *хунқ-угор* қос сөзінен тууы мүмкін деп санаймыз. Жалпы бұл тілдер орал-алтай тілдері тобына жататыны белгілі. Сондықтан ежелгі заманда *құнқ*, *угор* тайпалары өздерін туыстаспыз деп сезініп, қатар қоныстанып қан араластыруы қазіргі кездегі *хунгар* елінің қалыптасуына негіз болғаны байқалады. Әрине, олардың құрамында өздерін құннан және фин-угордан тарататын топтардың болуы заңды. Сондықтан өздерін *кунбыз*, *мадиярмыз* және *қышпақпыз* деп санайтын бөліктері кейінгі ғасырларға дейін өздерінің тілі мен тұрмыс-салттарын, дінін сақтап [26] келгені де анық. Олардың *Надқұншақ* (басқұншақ), *Кипқұншақ* (кіші куншақ) деп аталатын жер атаулары *құнқ* бабаларымыздан қалған белгілер. Сондай-ақ ел сөзін *оршақ* деп айтқан орта ғасырлардағы Анонимус атты тарихшысының еңбегінде [27] Венгрияның өзін *Мадияр оршақ* десе, айналасындағы елдер *Немет оршақ* (неміс елі), *Чех оршақ* (чех елі), *Орыс оршақ* (орыс елі), *Кун оршақ* (қышпақ елі) т. б. секілді елесімдерімен аталады. Біз бұл сөзді **ұрық-шақ** қос сөзінен пайда болған деп санаймыз. Бұл қазіргі тіліміздегі *ұрім-бұтақ* қос сөзіне сай келеді. **Басқұншақ** жер атауы Қазақстанда және Россияның Астрахань облысында [28] кездеседі. Ал **Қоншақ**, **Құншақ** тәрізді адам есімдері ерте дәуірде көп қолданылғаны аян. Алғашқы зерттеушілер аталған ескерткіштегі *құнчақ* сөзінен кейін **еліг йыл олұрмыс** тіркесі жазылған деп тұжырымдаған болатын. Қ. Сартқожаұлы көп жылғы ізденіс барысында **ЙЫЛ** сөзіндегі LNvi Ы мен Л¹ таңбаларының арасында ұсақ жазумен Nv OH¹ сөзі жазылғанын байқағаны [24, 75, 176(ф15)]

туралы айтады. Соған сәйкес ОН мен ЕЛУ санын көбейтіп, «Түріктер билік басында бес жүз жыл отырған» [24, 68] деген қорытынды жасаған. Қ. Сартқожаұлы ұсақ жазуды дұрыс байқаған, дегенмен, оны түпкілікті зерттеуде елеулі қателік жіберген. Біздің зерттеу тәжірибемізде жазу таңбаларының арасында ұсақ және әлсіз таңбалау арқылы қосымша сөздер жазудың болатыны анықталған болатын. Бұл күрделі графемалар арқылы жазу секілді аз орынға көп мәлімет сиғызу үшін жасалатын әдіс-тәсілдердің бірі. Қ. Сартқожаұлы ойлағандай «ұмытып кетіп, қатесін кейін түзету» емес. Ескерткіштің фотосуретін зерттеу арқылы жоғарыда айтылған, Қ. Сартқожаұлы NV OH^1 деп оқыған жазбалардың жіңішке сызықтар арқылы берілген қосымша ақпарат екені айқындалды. Бұл таңбалар Ü^{b} аРТыНЧ болып оқылатын, бірігіпкі дауыссыздарды белгілейтін әріптер екені анықталды. Тек бұлар ғана емес, алдыңғы J Й¹ мен i Ы таңбаларының арасында w аНЧа аНЧа болып оқылатын екі еселенген НЧ таңбасы да жазылғаны мәлім болды. Қ. Сартқожаұлы N НЧ таңбасының төменгі жағын ғана байқап, оны Н¹ таңбасы деп түсінген. Одан кейін қасындағы b РТ таңбасының v O , YU таңбасына ұқсастығынан ОН¹ деп оқығаны айқын. Ары қарай қате бағыттағы болжам, жорамалға бой алдырған. Жолдың дұрыс оқылымын берейік:

$\text{mRLv:LÜ}^{\text{b}} \text{i}^{\text{w}}$ Jgl:qcNvqfröt Транскрипциясы: T²YR²YK⁴

ҚҰН¹ЧаҚ еЛ¹Г Й¹ЫЛ¹ аНЧа аНЧа аРТыНЧ Й⁶Ы⁶Л⁶ ОЛ¹ҰР¹МыС¹ (Әріптің төменгі тұсындағы 6 саны таңбаның қайталанып оқылатынын білдіреді). Аудармасы: Түрүк-құншақ елу жыл, (тағы) анша, анша артық жыл отырған.

Бұл жолдағы мәлімет екінші Шығыс Түрік қағанатының дәурен сүрген уақытын білдіру үшін жазылған. Шындығында Ілгеріс-Құтлығ қағанның нығайған уақытын 682-684-шы жылдар арасы десек, 744-ші жылға дейін Шығыс Түрік қағанаты 60 жылдай уақыт билік құрғанын көреміз. Бұл жоғарыдағы елу және біршама артық жыл деген мәліметке сай келетінін байқауға болады. Осы жылдар аралығында Озмыш тегінге шабуыл жасап отырған ұйғыр бола ма, тоғыз оғыз бола ма және басқа да тайшалар Көктүрік қағанатының құрамында болғаны анық. Сондықтан олар әлсіреген Көктүрік қағанатының билік құрған уақытын дәл көрсетіп отыр дейміз. Сөйлемнің соңғы (19) таңбасы – күрделі графема. Онда жуан С¹ таңбасына қоса түрік елін асыра дәріштеген ӨP^4 аP¹ аҚ деген теңеу-эпитет, мадақ-қасиет сөздері жазылған. Сондай-ақ одан кейінгі 24-ші таңба да күрделі графема, онда I таңбасына қоса ұлыс сөзін білдіретін екі таңба қосылып жазылған:

:ahli^h fröt: w mRLv

I КГБ (күрделі графемалардың бөлшектенуі) (19) 𐰽 (1) 𐰾 -C¹; (2) 𐰽 - ӨP⁴; (3) R- P¹; (4) â – Қ. II КГБ (24) 𐰽 (1) 𐰽 - ҰЛ⁴; (2) 𐰽 - C¹; (3) i – I. Тіркестің ЖТТТ (жай таңбалы толық түшнұсқасы):

:ahli 𐰽 𐰽 fröt:âR 𐰽 : 𐰾 mRLv Транскрипциясы: ОЛ¹ҮP¹МыC¹ ӨP⁴ aP¹ aQ¹ T²Y⁴Y⁴Y⁴ ҰЛ⁴ҮC¹ LRiңE

Мәтіннен Шығыс Түрік қағанатын жеңген түркі тайпасының Көктүрік қағанатына ешқандай кегі, жаулығы болмағандығы, қайта оны өз қасиетіне сай құрмет тұтатыны анық байқалады. Сонымен бірге жазбада алғаш рет Шығыс Түрік қағанатын *ұлыс* деп атау ұшырасты. Бұның үлкен жаңалық екенін атап айтқымыз келеді. Бұл ЕЛ сөзіне қосымша мемлекеттік құрылымдық саяси анықтама. Оның үстіне *ұлыс-іл* ретінде қос сөз болып қолданылуы оның мәнін **империя** дәрежесіне дейін көтеретіні анық. Біз бұл жерде ауропалық ғалымдардың көпшілігінің (бәрі емес) ғылыми нысанды объективті түрде шынайы зерттегенімен Ұйғыр қағанатын соғды-иран тектес деп оған іштері бұратынын, сондықтан да ол екеуін қарама-қарсы мүлде бөлек топтар ретінде қарастыруға тырысатынын атап өтпекшіз. Шындығында VIII-IX ғасырлардағы ұйғыр тайпасы басқа түркі тайпалары сияқты, бөгде қанды қоспасы жоқ, таза түркі тайпасы болатын. Ал қазіргі ұйғыр атын алып жүрген түркі тілдес халық әр түрлі түркі тайпалары мен соғды-ирандық қан қоспасынан тұратын ұлт екені анық. Онда да соғды-ирандық қан басым болуы ғажап емес. Мәтіннен көрініп тұрғандай түркі тайпаларының қайсысы басым болса, сонысы жетекші тайпа болуға ұмтылатыны белгілі жайт. Сондықтан түркілік тайпалық жетекшілікке жетуді көздейтін шапқыншылықты ұлттық қарама-қарсылық деп санамағанымыз жөн. Мәтіндегі ұйғыр қағаны өзіне дейінгі Көктүрік қағанатын **өр, ар, ақ ұлыс-ел** деп құрмет тұтатынын, өзінің сол деңгейге жетуге тырысатын үлгі санайтынын байқатып отыр. Кейінгі Ұйғыр қағанатын жеңген Қырғыз қағанатын да жеке ұлттық мемлекет деп емес, жалпы түркілік тайпалық қоғамдастық деп түсінгеніміз абзал. Өйткені сол кездегі Қырғыз қағанатын құрған тек қырғыз тайпасы деуге, әрине, болмайды. Бұл қазіргі қырғыз ұлтының құрамындағы әр түрлі түркілік рулар құрамынан-ақ мәлім болады. Бұл одан кейінгі түркілік қият тайпасының ішіндегі түркілік (қидан-монғолдық емес) маңғұл тайпасының жетекшілігімен құрылған Шыңғыс хан империясынан да айқын көрінеді.

Жоғарыдағы қосымша жіңішке жазудың қателікті түзету емес, көп мәліметті сиғызу үшін қолданылатын әдіс-тәсіл екеніне дәлел ретінде МШУ-дан (Могойн Шинэ ус) біз кездестірген тағы бір жіңішке таңбалар жазылған мысалды келтірейік. Алдымен Қ. Сартқожаұлының нұсқасын ұсынайық:

Шығыс беті, 6- жол. Түшнұсқасы: î i:iùB:ahiBarhō:nmzō:iDiRvJōs

Транскрипциясы: su jorydy. özümin öñre byña basy yt(t)y.

Орысша аудармасы: Пошел с войсками, меня самого он послал вперед тысячником.

Мәтінде 6, 7, 8- таңбалар қате оқылған. 6-шы таңба і Ы емес, J Й¹ таңбасы мен v УУ таңбасының қосындысынан тұратын күрделі графема. 7-ші таңба да күрделі графема, ал 8-ші таңба f ΘK^4 таңбасы екені әлсіз де болса байқалады. 20-шы таңба да а А болып қате оқылған. Бұл, әрине, С.Е. Малов және басқа да зерттеушілерден келе жатқан қателік. 20-шы таңба біздің анықтаған C $\text{УР}^4\text{У}$ болып оқылатын ерін буындық таңба. Осы таңбадан кейін жіңішке W HЧ таңбасы жазылған. Бұның жіңішке болып жазылуының себебі: ол УРУ сөзі бөлек оқылып, содан соң C УР^4 таңбасына қосылып өз алдына оқылуына орай жазылған деп білеміз. Сонда $\text{УРУ УРАНЧЫ БАСЫ ЫТТЫ}$ болып шығады. Бұған қарағанда **ұраншы мыңдық** арнайы жасақталатыны аңғарылады. Сондай-ақ **өңре** сөзінің арасында майда жіңішке екі таңба оқылмаған. Мәтіннің дұрыс оқылуын берейік.

Түшнұсқасы: $i^{\hat{n}}$ $ii\ddot{u}BW$ C $hiB:ar$ δ $h\ddot{O}\delta nmz\delta:f$ f \ddot{U} : D $RvJ\delta s$

І КГБ (6) D (1) v – У; (2) J – Й¹. II КГБ (8) f (1) C – AP³; (2) δ – Ч; (3) δ – Қ¹; (4) f – С¹.

ЖТТТ (Жай таңбалардың толық түшнұсқасы):

$i^{\hat{n}}$ $ii\ddot{u}BW$ C $hiB:ar$ δ $h\ddot{O}\delta nmz\delta:f$ δ δ δ C δ δ δ C \ddot{U} :vJvRvJ δ s

Транскрипциясы: С²У Й¹ОР¹ҰЙ¹Ұ₆ аHЧa AP³ыЧЧ⁵ыҚ¹

С¹AP³ыЧ₆Ч⁵ыҚ¹₆ ΘK^4 $\Theta Z\ddot{y}M\ddot{i}n^2$ $\Theta H P^2 E$ aFыT¹a Б¹ЫH $\text{УР}^4\text{У}$ УР^4 аHЧы Б¹aС¹Ы ЫT¹T⁵Ы (транскрипциядағы 5 саны дыбыс-таңбаның қабатталып оқылатынын білдіреді).

Аудармасы: Әскер жүргізе сонша арыған (-ақ), шаршаған (-ақ), сарсаң болған-ақ өзімді алға шабуылдата мың сайлауыт ұраншы басы етіп жіберді.

Міне, екі түрде оқылған мәтіннің айырмасын, маңызын, құндылығын оқырман қауым өзіңіз-ақ бағамдай беріңіз. Қанша жаңа түсінік, ұғым, сөздер қайтадан дүниеге келді. Орыстардың *ура, ура* деген ұранының түп-тегі қайдан шыққаны да дәл анықталып бой көтерді. Бұл таза әдеби шығарманың бір үзгісі, әрі бұл таза өмір шындығы ретінде рухани мәдениеттік тарихымызды байытатын байлық болып қосылып отыр.

Зерттеушілер Тэс [24, 25, 176 (ф4-6)], Терхин [24, 42, 176 (ф7-11)] ескерткіштерінде *Йоллуғ* [24, 25], *Йольғ* [24, 42] [29] атты кісі есімдері қолданылғаны туралы өз еңбектерінде келтіреді. С.Г. Кляшторный оны ескерткіште нұсқалған үш қағанның бірі деп санаса, Қ. Сартқожаұлы оны сонымен бірге Боджман қағанның түп-тектерінің [24, 38] бірі болуы керек деп санайды. Біздің ескерткіш фотосуретін зерттеуіміз ол екі есімнің екеуінің

де қате оқылудан пайда болғанын анықтады. Сондықтан *Йоллық қағанның* тарихта болғандығы туралы пікірлерді тоқтатқан жөн. Алдымен Тэс ескерткішінің мәтінін сараптайық. Қ Сарғқожаұлының оқуы: Түшнұсқасы, шығыс беті, 1-ші жол: :iTRLv:iùB:aJa:xLLvj

Транскрипциясы: (1) ... jolluу aja başu olurty (1).

Орысша аудармасы: 1. ... с уважением посадили главою Йоллуға.

Біздің оқуымыз, КГТ (күрделі графемалы түшнұсқасы):

W) RLVpù ⚡ ⚡ ⚡ ⚡ ⚡ ⚡ xLLvj

I КГБ (7) ⚡ (1) ⚡ - Л⁴; (2) ⚡ - М; (3) ⚡ - С¹. II КГБ (9) ⚡ (1) ⚡ - Р²; (2) t - Т². III КГБ (10) ⚡ (1) ⚡ - С¹; (2) В - В¹; (3) ⚡ - Қ¹. IV КГБ (11) ⚡ (1) ⚡ - С¹; (2) v - УУ; (3) ø - F. V КГБ (17) ⚡ (1) ⚡ - М; (2) ⚡ - С¹; (3) (W)W - Д¹.

ЖТТТ: WW) ⚡ ⚡ RLVpùøv ⚡ ⚡ В ⚡ tt ⚡ ⚡ ⚡ ⚡ ⚡ xLLvj

Транскрипциясы: Қ¹УУЛ¹Л¹ыF Б⁴ОЛ¹МыС¹ еР²іР²Т²Т⁵і С¹аБ¹ыҚ¹ аС¹УУF аС¹ыП ОЛ¹үР¹МыС¹Д¹а

Аудармасы: ...Құлды болуды болдырды. Сабық асуынан асып отырғанда...

Алғашқы зерттеушілер өпуге айналған, немесе күрделі графема үшін жіңішке жазылған таңбалар мен таңбалық бөлшектерді аңғара алмаған. Сондай-ақ ол уақытта беймәлім таңбалардың мағынасын ашып оқудың мүмкіндігі де жоқ еді. Мысалы, ⚡ УБ⁴ [5, 74] таңбасының екінші диагональ сызығы өте әлсіз көрінеді. Оны а А таңбасы деп оқыған, ал келесі күрделі графеманы оқу көп жылдық зерттеу тәжірибесінсіз ешбір түркітанушының қолынан келмейді. Сонымен көп қағазды шатпақтауға және көпшілік қауымның санасын сансыратуға алып келген, «Тэс ескерткішінде Йоллуғ атты кісінің есімі бар» деген қате пікірден арылатын кез туды. Тэс ескерткішінде *Йоллуғ* атты кісі есімі жазылмаған.

Екінші *Йоллығ* кісі есімі Терхин (Тариат) ескерткішінде жазылған деп саналып келді. Біздің зерттеуіміз бұның да қате оқылғанын анықтады. С.Г. Кляшторный мен Қ. Сарғқожаұлының оқуы бірдей. Тек С.Г. Кляшторный *олурмыс* сөзіндегі С-ны Ш деп транскрипцияласа, Қ. Сарғқожаұлы С деп

транскрипциялаған. Ескерткіште *Боджман қаған* есімі > ОДЖ⁴ таңбасымен, v O, У, У таңбасынан ерекшеленіп, біршама анық берілген. Бұл жазудың құндылығы m M мен N H¹ таңбаларының арасына а А таңбасы жазылған. Алайда оны зерттеушілер бұрынғы қалыппен і Ы деп оқыған. Ескерткіштің аса маңыздылығы зерттеушілер оқи алмаған, үш қағанның қалған екі қағанының есімдері жазылуында болып отыр. Бұл есімдер қытай жазбаларында сақталған *Надулу қаған* мен *Тубу қағанның* [30] аттары

саналады. Қытай жазбасында бұларды *Боджман* қағанның әкесі мен атасы деп көрсеткен. Яғни, *Тубу* – әкесі де, *Надулу* – атасы. Қытай тілінде буынның соңындағы дауыссыз дыбысты түсіріп жеңілдеткенді қолай көреді. Сондықтан Тубу есімі түркілік *Тобун* атауынан өзгерген болуы ықтимал. Терхин ескерткішіндегі жазба жазылған тұстары қатты бүлінуге ұшыраған. Дегенмен N H¹ таңбасының сілемдері байқалады. Надулу есімі жоғарғы сынықтың бірінші жолының соңында жазылған. Одан кейінгі қаған сөзі төменгі сынықтың басында жазылғаны сезіледі. Мәтіннің бұрынғы зерттеушілер ұсынған нұсқасын келтірейік. Шығыс беті, жоғарғы және төменгі бөліктердің 1-ші жолдары [24, 42, 176(ф9, 11)], [29, 88]:

С.Г. Кляшторныйдың ұсынған түпнұсқасы:

р > ²Lv:LiJz³jiks > ²LvNxqcÇNxqNi > vB NxqxAvJ 16

соплеменников. 3) Скотоводство само по себе создавало благоприятные условия для процветания изустного поэтического слова, рождения его новых жанров. Достаточно вспомнить появление античных буколики, идиллии, эклоги, средневековую французскую пастораль и др., появление которых было связано с природой. 4) Как ни парадоксально, сама письменная литература у тюрков, в отличие от другой аналогичной среды, содействовала параллельному устойчивому бытованию изустной. Дело в том, что письменные художественные памятники на тюрки обычно создавались на недоступном даже для более или менее грамотного слоя населения языке, с обильно заимствованными арабизмами и фарсизмами. Такая литература удовлетворяла потребности лишь высокообразованной части общества. А остальное большинство выдвигало из своих рядов мастеров изустного слова, которые творили на живом разговорном языке. Они зачастую и книжные сюжеты письменников переложили на народный язык. Перечисленные обстоятельства были характерны для большинства тюркоязычных народов, и функционирование изустной литературы исчисляется у них несколькими столетиями.

Наиболее значительными представителями изустной поэзии ряда тюркских народов, возникшими на традициях общетюркской эпохи словесности, были: у турков – Юнус Амре (XIII–XIV вв.), Пир Султан Абдаль (XVI в.) и современные апыкы; у азербайджанцев – Гурбани, Ашуг-Аббас, Сары-Ашуг, Ашуг-Валех (XV–XVI вв.) и плеяда прославленных ашугов XIX – XX вв.; у туркмен – шаиры Байрам-хан, Караджа-оглан, Бархудар Туркмен, бахшы Андалиб, Шабенде, Шайдан, Гурбанлы, Магрупи (XVI–XVIII вв.); у киргиз – знаменитые манассы Сагинбай Оразбеков и Саякбай Каралаев и их ученики (XIX–XX вв.); у казахов – когорта йырау XIV–XVI вв. Хабрау, Казтуган, Асан Кайгы, Шалгииз и самобытные акыны Досмамбет, Бухар, Умбетай, Тати-Каре, Шал, Кутуш, Коблан, Жанкиси, Махамбет (XVII–XIX вв.); у башкир – сэсэнны Кубагуш, Акмурза, Еренсе, Карас, Байык, Махмут, Буранбай, Ишмухамет, Габит и др. (XVI–XIX вв.). Общими, объединяющими началами в их импровизациях выступают созвучность идейно-тематических направлений, сходство жанров и жанровых форм, единство формообразующих показателей. И еще – сочинения изустных авторов принципиально отличаются от фольклорных памятников, которыми был неизмеримо богат каждый из упомянутых регионов. Между мастерами изустного слова разных поколений – наставниками и их учениками – установились многовековые традиции взаимоотношений. Профессиональные творцы новых поколений относились к импровизациям своих старших коллег как к некоему святому, ни в коем случае не осмеливались вносить в них существенные изменения. «Их «вмешательство» в текст своих предшественников, – как отмечает Х.Г.Кероглю [3, 480], – было не более чем «вмешательство» переписчиков рукописей поэтов-классиков».

Наиболее ярким представителем изустной поэзии средневековой Евразии был Хабрау-йырау (в Казахстане и Средней Азии его называют по-разному: Сышыра, Сышра, Сашыра, Сабра, Супра и др.). Слово «йырау» в значении индивидуального изустного поэтического творца упоминается еще в древних тюркских письменных источниках. В частности, в памятнике «Диван лугат-ит тюрк» М.Кашгари (1073–1074 гг.) оно истолковано как «игрок на музыкальном инструменте», «певец» [4, 36]. То же самое толкование находим в «Опыте словаря тюркских наречий» В.В. Радлова [5]: «певец» (der Singer, Troadour). Это значит, слово «йырау» свое основное значение сохранило в течение тысячелетия, а творчество основных представителей йырау проходится к XIV–XVI вв. и характеризуется тем, что оно было общим достоянием казахов, башкир, каракалшаков и ногайцев, населявших тогда обширную территорию центральной Евразии. Хабрау йырау, судя по фольклорным источникам, он прожил более 100 лет (XIV – первая половина XV вв.). Во всех тюркских народах, где имело распространение его творчество, он ставится на первый ряд среди всех йырау эпохи. «Сургантай-улы Сышыра жырау считается отцом всех ногайско-казахских акынов и жырау», – пишет А. Дербисалин [6, 3]. Н.Давкараев [7, 25] и И.Сагитов [8, 50] отмечают наличие двух школ в каракалшакской изустной поэзии – Жиен Тагая и Сышыра йырау. Его образ вошел в общетюркское эпическое повествование «Идукай и Мурадым» («Едеге», «Идегей») в казахскую версию эпоса «Таргын и Кужак». По утверждению казахских, каракалшакских ученых, автором первого из них является Хабрау. У башкир в научном обороте известны два текста кубаиров: «Обращение Хабрау к Уралу» и «Обращение Хабрау к мужчинам-джигитам». Оба они имеются в упомянутом эпосе. Между тем, в репертуаре башкирского фольклора самостоятельно бытуют и другие кубаиры с признаками индивидуальности, которые в «Идукай и Мурадым» являются монологами Хабрау, «лирическими отступлениями», непосредственно не связанными с эпическим содержанием произведения [9, 50–54; 57–61; 73–77; 121–123; 193–194]. Те же самостоятельные тексты у казахов и каракалшаков давно считаются авторскими, то есть изучаются как сочинения Хабрау. Они не только созвучны с названными башкирскими «фольклорными», но и представляют собой, по словам Г.Б. Хусайнова [10, 157], «национальные версии» его толгау и кубаиров. Таких кубаиров в эпосе «Идукай и Мурадым» – пять. Их смело можно ввести в научный оборот как импровизации Хабрау. Все они по содержанию независимы от сюжета эпоса и могут функционировать как самостоятельные произведения, но если рассмотреть в его контексте, то становятся гораздо содержательными и более понятными, что лишний раз подтверждает причастность Хабрау к «Идукай и Мурадым». Первая речь произносится в самом начале эпоса, еще до начала основных событий. Золотоордынский хан Туктамыш, не сумев покорить уральских джигитов, приказывает башкирам делегировать к нему своих несколько

батыров, охотников и самого именитого певца. Речь Хабрау была произнесена, когда обессиленный от непрекращающихся войн народ в замешательстве обсуждал это повеление. В тексте ни словом не упоминается приказ хана, а подробно описывается природа Урала и воспевается его красота. В башкирском фольклорном репертуаре этот текст воспринимается как самостоятельная импровизация о родной земле, а в контексте сюжета эпоса те же слова йырау звучат по-иному: да, Урал – райский уголок; но если хану подашь руку, он уже не будет твоим! Услышав слова знаменитого йырау, народ принимает верное решение – Идукай, «батыр среди батыров», остается на Урале с целью защитить его от врагов. Вторая речь (нумерация – по порядку расположения в эпосе) возникла в аналогичных условиях: когда страну будоражил другой указ хана о сборе ясака, молодой Идукай приходит к Хабрау за советом. Йырау, желая проверить сообразительность батыра, задает ему стихотворные загадки. Древнее качество батыров одновременно быть и мастером слова, сохранилось и в натуре Идукай. Его диалог с Хабрау можно назвать айтышем. В нем дается характеристика людям разных профессий той эпохи (ремесленникам, металлистам, кушам, путешественникам, охотникам и др.) и их человеческому достоинству. Идукай верно угадывает главную мысль мудреца – в то смутное время самой главной была профессия воина, а от его личностных качеств зависела судьба страны. Третья речь может послужить эпиграфом или предисловием для всех остальных. Здесь автор подчеркивает свой почтенный возраст, житейский опыт и право говорить от имени народа. Йырау гордится, что за свою жизнь видел много знатных людей, что однажды его речь слушали одновременно одиннадцать правителей. «Он пир патша алдында, кобыз алып сөз сөйләп, толгау айткан бабаңмын» («Я дед твой, который с кобызом сказал толгау перед одиннадцатью падишахами») [11, 117]. Этим он как бы намекает, что люди остальных рангов тем более должны его слушать. В четвертой и пятой речах (в тех, которые опубликованы в башкирской среде) Хабрау снова возвращается к воспеванию Урала. Их можно назвать тревожным гимном Уралу. Здесь есть и обращение, и философские размышления, и исторический экскурс, и дидактика. Эти два текста в эпосе находятся в разных местах – в середине и во второй половине, разделены между собой эпическими событиями; тем не менее, идейно дополняя друг друга, составляют как бы две части одного целого. Природа Урала описывается здесь новыми, еще более яркими красками; его прошлое сравнивается с настоящим. Автор беспокоится, что теперь поредели ряды батыров, которые раньше были надежным оплотом Урала, обращается к образам Урала и Хаубана из башкирских эпосов «Урал батыр» и «Акбузат», призывает джигитов быть верными заветам предков. В связи с этим затрагивается проблема взаимоотношения между поколениями батыров – отцов и сыновей. Непослушание сыном отцовских слов может повлиять на положение страны:

«Батырзан батыр тыуганда, батыр юлынан сапқанда, атаға һазак кайраһа, илдең йөзө тарлана» («Когда батыр, родившейся от батыра, точит стрелу на отца, лицо страны хмурет»). Эти слова Хабрау в контексте эпоса также становятся более понятными, чем в самостоятельных версиях. Оказывается, в условиях жесточайших сражений против ханских завоевателей возникает разлад между Идукаем и его сыном Мурадымом. Имея в виду этот частный случай, не упоминая имен батыров, йырау приходит к общему поэтическому заключению.

Традиции Хабрау в XV–XVI вв. продолжили Асан Кайгы, Казтуган и Шалгииз йырау. Их творчество также является общим достоянием ряда тюркских народов. «Будет правильным, – писал про них современный каракалпакский исследователь К.Мамбетов [11, 117], – если йырау данной эпохи называть казахскими, каракалпакскими, башкирскими поэтами». Они не засиживались в одном месте, а странствовали по всем регионам центральной Евразии, знали общие проблемы народов этой земли и затрагивали их в своем творчестве.

БИБЛИОГРАФИЯ

1. *Гаджиев А.А.* Реализм в литературах советского Востока, Баку: Элм. 1978.
2. *Гумилев Л.Н.* Древние тюрки, М.; Клишников – Комаров и К°. 1993.
3. *Корголы Х.Г.* «Литературы Средней Азии и Казахстана», История всемирной литературы, III, М.: Наука: 1988, с.479 – 481.
4. *Divanu Lugat-it turk 3 bashi*, Cilt 3, Ankara: Turk takin kurumı basımevi. 1992.
5. *Радлов В.В.* Опыт словаря тюркских наречий, Т.3, ч.3, СПб. 1905.
6. XV – XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым. 1982.
7. *Давкараев Н.* Очерки по истории дореволюционной каракалпакской литературы, Ташкент: Изд. АН УзССР. 1959.
8. *Сагитов И.Т.* Каракалпак халқының қахарманлық эпосы, Некис: Каракалпакстан. 1963.
9. *Изеүкәй менән Моразым.* Өфе: Китап. 1994.
10. *Хөсәйенов Ғ.Б.* «Йыраузар», Башқорт әзәбиәте тарихы, I т., Өфе: Китап. 1990.
11. *Мәмбәтов К.* Әйемги каракалпак әдебияты: Каракалпак әдебиятының кәлиплесү жолалары, Некис: каракалпакстан. 1976.

REZUME

M.IDELBAEV (Ufa)
 AUTHOR'S ORAL POETRY MEDIEVAL TURKIC LITERATURE AND
 HABRAY-YIRAY

Oral literature as the art of words of individual character was created and distributed orally and it expressed personal world outlook of the concrete author, his ethic appraisal of the reality. There were favorable conditions in the majority of

М.Идельбаев. Авторская изустная поэзия средневековой тюркской...

Turkic literatures for it's centuries-old flowering. The most extending representative of the author's oral poetry in medieval Eurasia was Habray (Sыpyра, Sypra, Sapyра, Sapyra, Supra etc.) yiray. Representatives of author's oral poetry of some Turkic nations were called 'yiray'. Works of Habray yiray are belonged To XIV – XVI c. This occupied worthy place in the literature history of Bashkirs, Kazakhs, Karakalpaks and other. His five works are famous in Bashkir literature. In his works the author, underlining his respectable age, everyday experience and the right to speak in the name of people, brings to the audience his call – brave warriors should be faithful to the forefathers legacy, to become solid support for native Ural. In the article all of his works are analyzed and there is an appraisal of it's traditions in works of other yirays of XIV – XVI c.

М.С.БЕЙСЕНОВА

«ҚЫРЫҚ ҚЫЗ» ДАСТАНЫ – ҚАРАҚАЛШАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ ТӨЛ ТУЫНДЫСЫ

В этой статье рассматриваются художественные особенности каракалпакского героического эпоса «Кырык кыз».

Bu makalede, Karakalpak kahramanlık eseni olan “Kırk Kız” destanının poetik özellikleri söz edilmiştir.

Қарақалшақ халқы көп ғасырлардан бері жалшы Орта Азия халықтарымен, әсіресе өзбек, қазақ, түрікмен сияқты өзіне жақын көрші халықтармен әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыс жағынан тығыз байланысты болып келеді. Сондықтан қарақалшақ халқының өткен дәуірлердегі мәдениеті де, әдебиеті де жоғарыда аталған туысқан халықтардың мәдениеті және әдебиетімен тығыз байланысты. Олар бір-біріне әсер ету, бірін-бірі байыту жолымен дамып келеді. Сол себепті қарақалшақ халқының эпостық шығармашылығында туысқан-көрші халықтардың эпостық шығармашылығымен жалшы ортақ элементтер, жалшы ортақ сарындар, сюжеттер, образдар және басқа әртүрлі ұқсастықтар көп кездесіп отырады.

Эпостық шығармашылықтың тарихын, эпостардың әртүрлі халықтардағы нұсқаларының бір-біріне ұқсастығын, жалшылама мәселелерін, сондай-ақ олардың өзгешеліктері мен айрмашылықтарын анықтау үшін оларды бір-бірімен салыстыра зерттеу зәру мәселе. Бүгінгі күнгі фольклортану ғылымы салыстырып зерттеу мәселелеріне ерекше ден қойып отыр. Қарақалшақ халқының қаһармандық эпостарын зерттеген ғалым И.И.Сағитовтың «Қарақалшақ халқының қаһармандық эпосы» [1] деп аталатын ғылыми еңбегі қарақалшақ эпостарын басқа түркі халықтарының эпостарымен салыстыра зерттеудің алғашқы қарлығашы болып есептеледі. Алдағы уақытта бұндай тәжірибені дамыту, эпостарды салыстыра зерттеу жұмысының өрісін кеңейту қазақ фольклортанушыларының да маңызды уәзипасы болып табылады.

«Қарақалшақ фольклорының» жиырма томдығында оның ауыз әдебиетінің барша жанры қамтылған. Ең алдымен, мұнда қарақалшақ халқының есте жоқ ескі замандардан бері шығарған, жетілген, сан әулеттің сынынан «өткізген» қазынасы топталған» [2] - деген академик Р.Бердібайдың пікірі қарақалшақ ауыз әдебиетінің жиырма томдық жинағына берілген құнды баға болып есептеледі. Осы жинақтың алтыншы томы «Қырық қыз» дастанына арналған.

«Қырық қыз» дастаны өзінің идеялық-көркемдік сипаттары бойынша нағыз халықтық шығарма болып табылады. Ол қарақалшақ ауыз әдебиеті түрлерінің ең шоқтығы биік үлгісі. Сонымен бірге «Қырық

қыз» дастанының басқа дастандарға қарағанда бірнеше айырмашылықтары бар. Бұл айырмашылықтар: дастан сюжетінің ежелгі заманнан басталатындығынан, бас кейіпкерлердің жау жүрек, батыр қыздардан тұратындығынан, патриотизм, халықшылдық идеяларының дастанда күшті жырлануынан, дастанның терең реализмінен көрінеді. «Қырық қыз» дастанының өзінің мазмұны, сюжеті және композициясы жағынан қарақалшақ халқының және басқа түркі халықтарының эпостарынан бірнеше өзгешеліктері бар.

«Біріншіден, дастанның сюжеті әдебиет зерттеушілері мен тарихшылардың тұжырымдары бойынша өте ерте замандарға барып тіреледі. Дастанда әлеуметтік мәселелер әрқашан бірінші орында тұрады және олар жеке бастың мүддесінен әрдайым биік тұрады. Осы ерекшелікті әдебиет зерттеушілері ежелгі эпостық шығармаларға тән белгі деп есептейді. Сол себепті «Қырық қыз» дастанының оқиғалық желісі ежелгі дәуірлерден бастау алады.

Екіншіден, басқа қарақалшақ эпостарында (сондай-ақ бірқатар түркі халықтарының эпостарында да) қарапайым халық өкілдері бас кейіпкердің күресінде тікелей белсенділік танытпайды. Әрі кеткенде олар батырға тек тілектестік білдірумен шектеледі. Ал «Қырық қыз» дастанында қалың көпшілік бас кейіпкердің барлық іс-әрекеттеріне белсенді түрде араласады. Дастанның негізгі кейіпкерлері өзінің барлық ниеттерін, әрекеттерін халықпен ойласып, кеңесіп, халық өкілдерінің қуаттауы, жәрдемі арқылы жүзеге асырады.

Үшіншіден, «Қырық қыз» дастанының басқа дастандардан негізгі өзгешеліктерінің бірі – эпос кейіпкерлерінің жауынгер қыздардан тұратындығы. Бұндағы қыздар басқа дастандарда көрініс табатындай, тек батырдың сүйген жары немесе жәрдемшісі ғана емес, дастанның негізгі кейіпкерлері болып табылады. Бұлар халықтың негізгі мүдделерін қорғайды, сырт ел басқыншыларының шабуылдарын тоқтатып, өздерінің туған жерін сыртқы дұшпандардан қорғайтын нағыз жауынгерлер ретінде көрініс табады» деп тұжырымдайды [3].

Қаһармандық эпостарда негізгі кейіпкердің қыздардан болуы тек Орта Азия халықтарының эпостарында емес, тіпті дүние жүзі халықтары эпостарында сирек кездесетін оқиға. Басқа эпостарда көбінесе жеке кейіпкерлердің қаһармандық істері жырланса, «Қырық қыз» дастаны кейіпкерлердің көптігімен айрықша көзге түседі және көпшілік болып жасаған батырлықты жырлайды. Сонымен қатар «Қырық қыз» дастаны бас кейіпкерлерінің қыздардан шығуымен ғана емес, эпостың композициясының басқа эпостарға мүлде ұқсамайтындығымен ерекшеленеді. Басқа эпостарда экспозиция бас кейіпкердің ерекше жағдайларда дүниеге келуінен басталса, «Қырық қыз» дастанында оқиға дастанның бас кейіпкері Гүлайымның он бес жасқа шыққанда Миуалыға қорған салдырып өз елін дұшпанның шабуылынан қорғауға даярланып

жатқан жерінен басталады. Басқа дастандарда әдетте өлең мен қара сөз аралас келетін болса, «Қырық қыз» дастаны басынан аяғына дейін өлеңмен жырланады. Дастанның оқиғалары кейіпкерлерінің іс-әрекеттері, ой-сезімдері және олардың әдеби кескіндемелері реалистікпен суреттелген басқа дастандағыдай мұнда кейіпкерлердің дүниеге келуінде және олардың көрсеткен ерліктерінде қиял-ғажайыптық, мифологиялық элементтер – гипербола, гротеск т.б. кездесе бермейді. «Қырық қыз» дастанында басқа дастандарда жиі көрініс беретін атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін кейіпкерлер кездеспейді десе де болады. Дастан кейіпкерлерінің іс-әрекеттері, ерліктері өмірдегі қарашайым адамдардың қолынан келетін батырлық істер болып суреттеледі. Дастан кейіпкерлерінің күші – олардың табиғаттан тыс керемет құбылыс ретінде жаратылғандығында емес, халықтың қуаттауында деп баяндалады. Дастанның осындай реалистік сипаттары оның ежелгі дәуір сюжеттеріне құрылғандығына қарамастан, дастанды біздің заманымызға жақындатады. «Қырық қыз» эпосында сөз етілетін оқиғалардың мазмұнына қарағанда тарихта қарақалшақ халқының басынан өткен оқиғалардың сәулеленгені аңғарылады. Дастанда тарихқа байланысты негізгі екі тақырып сөз болады:

1. Орта Азия халықтарына қалмақтардың жасаған шабуылы;
2. Иран патшасы Нәдіршаның Хиуаны басып алуы;

Бұл екі тарихи оқиға дастанда шындыққа жақын суреттеледі. Әлбетте эпос тарихи оқиғаларды өзгеріспестен ала бермейді, эпосты жаратушы халық тарихи оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді. Әрине, бұл көзқарас ресми тарихшылардың ғылыми тұжырымдарымен сәйкес келе бермеуі де мүмкін. Дастанды жырлаушы жыраулар тарихи оқиғаларды жырлағанда оған өз жанынан түрлі аңыз әңгімелерді, әпсаналарды араластыра жырлайды. Сондықтан эпосты шын тарихи құжат деп қарауға болмайды. Осындай ерекшеліктеріне қарамастан эпостардың тарихи маңызы зор, олар біздің тарихшыларымызға көп бағалы материалдар береді. Дастанда қалмақтың ханы Сұртайшаның Саркоққа шабуыл жасап, бейбіт халықты қырғынға ұшыратқаны суреттеледі. Мұндай оқиғалардың тарихта болғандығы ақиқат. Жоңғар қалмақтарының XVI ғасырдан бастап, XVIII ғасырдың ортасына шейін Қазақстан мен Орта Азия халықтарына қарсы талай рет шабуыл жасап, бейбіт елді қырғынға ұшыратқандығы тарихи деректерден белгілі. 1723 жылы Жоңғарлар қазақ халқын қырып-жойып үлкен апатқа ұшыратқан. Бұл оқиға қазақ халқының жадында «Ақтабан шұбырынды» деген атпен сақталып қалды. 1725 жылы Жоңғарлар Ташкент, Сайрам, Түркістан қалаларын басып алып, осы жерлерде тұратын қазақ, өзбек, қарақалшақтарға үлкен зиян келтірген. Екінші жағынан Еділдің аяқ жағында көпші жүрген қалмақ хандары да қарақалшақтарға талай рет шабуыл жасаған. Осындай тарихи оқиғалар халықтың жадында өшпес із

қалдырады және қарақалшақ халқының ауызекі поэтикалық шығармасында әсіресе халық эпосының шығармаларында сәулеленеді. Сондықтан да қарақалшақ эпостарының басым көпшілігінде халық батырларының шайқасатын жауы қалмақтар болып келеді.

Дастандағы екінші негізгі сюжеттік тақырып - Алтынай, Арыстан және Нәдіршаға байланысты оқиғалар болып табылады. Дастанда Қызылбастың (Иранның) патшасы Нәдіршаның Хорезмді басып алып, оның халқын құлдыққа салғаны айтылады. Бұл оқиға тарихта анық болған оқиғаларды еске түсіреді. XVIII ғасырдың орта шенінде Иран патшасы Нәдірша дегеннің болғандығы 1740 жылы Хиуаны басып алып Хорезмді өзіне бағындырғаны тарихи деректерден белгілі.

Алтынай, Арыстан сияқты кейіпкерлердің тарихта болған немесе болмағанын анықтау қиын. Олар көркем шығармадағы ойдан шығарылған көркем бейнелер болуы мүмкін.

«Қырық қыз» дастанында суреттелген оқиғалар қай жерде қандай географиялық территорияда болған? Дастанның баяндауы бойынша ондағы оқиғалар: «ата-жұрты – Түркістанда», «өз Ноғайлы жұртында», «Саркоп деген қалада» болды, - деп айтылады.

«Қырық қыз» дастанындағы оқиғалардың қай жерде өткендігін И.Т.Сағитов Құрбанбай жыраудың сөзіне сүйеніп, оқиғалар қазіргі Қарақалшақстанның арқа жағында болған деп тұжырымдап, дастандағы Саркоп қаласын қазіргі Бируний ауданындағы Саркоп ауылы деп болжам жасайды.

«Қырық қыз» дастанының композициясы шебер қиюластырылған. Дастанның жеке бөлімдері оқиғалар, көріністер бірі-бірімен жақсы байланыстырылған. Дастанда суреттелген оқиғалардың мазмұны, тақырыбы жағынан негіздігі үш бөлімнен тұрады.

- 1) Гүлайымның Сұртайшаға қарсы күресі
- 2) Жұрынтазға байланысты оқиғалар
- 3) Алтынай мен Нәдірша жөніндегі оқиғалар

Осы үш бөлімнің ішіндегі ең үлкені және дастандағы негізгі оқиға Гүлайымның Сұртайшаға қарсы күресі болып табылады. Осы негізгі оқиғаға Жұрынтаз оқиғасы және Алтынай мен Нәдіршаның оқиғасы қапталдан келіп қосылған сияқты болып көрінеді. Бұған қарағанда дастанның жеке бөліктері - Сұртайшаның Саркопты шабуы, Жұрынтазға байланысты оқиға, Нәдірша мен Алтынай оқиғасы – әуелде әрқайсысы өз алдына бөлек жыр болып жүріп, соңынан тұтас бір дастан болып біріктірілген болуы мүмкін. Бірақ бұл бөлімдердің әрқайсысының мазмұны әр түрлі болса да, дастанда бұлардың бірі бірімен шебер байланыстырылғанын көреміз. Демек дастанның негізгі үш бөлімінің әрқайсысы өз алдына бөлек маңызға ие. «Қырық қыз» дастанының сюжеті қоспалы, күрделі сюжет болып есептеледі. Ол – өз ішіне бірнеше сюжеттерді біріктірген көп сюжетті дастан.

«Қырық қыз» дастанының сюжеті ежелгі замандарға барып тіреледі. Бірақ ежелгі дастандардан «Қырық қыз» дастанының бірнеше маңызды өзгешеліктері бар. Дастанда ежелгі дәуірлерден қалған элементтер болса да, дастанның мазмұны, сюжеті оның бергі дәуірлерде туғанын көрсетеді.

Дастанда ертегілердегідей қиял-ғажайыптық және мифологиялық элементтер сирек ұшырасады. Дастанның ертегілерге ұқсас болып келетін Жұрынтазға байланысты бөлімінің өзі шынайылықпен суреттеледі. Дастанның сюжеті бір қалыпты, бір ізділікпен ешбір кедергісіз дамып отырады. Дастанның экспозициясы, басқа дастандардан өзгеше басты кейіпкерлердің ержетіп ел қорғау ісіне кіріскен уақытынан басталады. Дастандағы негізгі қақтығыс Гүлайым мен Сұртайшаның арасындағы күрес болып табылады. Оқиғаның шиеленісуі Сұртайшаның Саркопқа шабуылынан басталады. Дастандағы оқиғалардың шешілуі – Гүлайымның Сұртайшаны өлтіріп, өз халқын тұтқыннан азат етуімен аяқталады. Негізгі сюжет осылайша дамиды. Ал Жұрынтаз, Алтынай, Нәдіршамен байланысты оқиғалар негізгі сюжетпен қатар жүретін өз алдына бөлек сюжеттер болып табылады.

Дастанның тілі таза халық тілі, оқуға жеңіл, баршаға бірдей түсінікті тілмен жырланған. Дастанның тілі суреттеу, айшықтау құралдарына бай. Дастандағы теңеулер, эпитет, метафоралар қарақалпақ жерінің табиғат көріністерінен, тұрмыс-салтынан алынып отырады. Дастанда барлық шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиеті үшін дәстүр болған кейіпкерлерді ай, жұлдыздарға, күнге теңеп суреттейді.

Дастанда қарақалпақ халқының тұрмыстық көріністері, қарақалпақ жерінің табиғат көріністерінен алынған теңеулер көптеп кездеседі. Мысалы: кейіпкерлер алғыр құстарға теңеледі, «қаршығадай», «сұңқардай», «бүркіттей» деген сияқты теңеулер арқылы беріледі.

Дастанда теңеулермен қатар метафоралар да көп кездеседі. Сонымен бірге дастанда қарақалпақ халқына тән халықтық юморлар көп ұшырасады. Әсіресе, дастанның бас жағындағы Әшпір, Аманкүл, Сәйеке сияқты серілердің Гүлайымға ғашық болып жүргендегі іс-әрекеттері халық юморының үлгісімен шебер қиюласқан. Бұл көріністер ойын-күлкіні, әзілдесуді, қарақалпақ дәстүріндегі «баскыласуды» жақсы көретін қарақалпақ халқының тұрмысына тән оқиғаларды сипаттайды.

Дастанның өлең құрылысы қарақалпақ халқының басқа да эпостық шығармалары сияқты жыр, терме, толғау үлгісіндегі 7, 8 буынды еркін ұйқасты өлеңдер болып келеді. Кейде 11 буынды өлеңдер де беріліп отырады. 11 буынды 4 жолды өлеңнің бірінші, екінші және төртінші қатарлары ұйқасыз, үшінші қатары ұйқассыз қалып отырады. 7, 8 буынды жырдың ұйқастары еркін ұйқас болып, кейде белгілі бір қатар

санына тура келмей де жатады. Бұндай жырлардың негізгі өлшемі буын сандарының бірдей болып келуімен белгіленеді. Кейде 7,8 буынды толғау түріндегі жырларда шумақтардың қатар саны белгілі болмайды. Мұндайда жырдың өлшемі белгілі бір мағынаны аңдататын жырлар жиынтығыменен белгіленеді. Жыр жиынтықтарының қатар саны бір жерде аз, бір жерде аз болып келіп отырады.

«Қырық қыз» дастанында 7,8 буынды жырлар көбінесе батырдың іс-әрекетін, жорық шайқастарды баяндау немесе суреттеу үшін қолданылады. Ал 11 буынды жырлар кейіпкерлердің монолог, диалогтарын беру үшін қолданылады. Бірақ бұл ерекшелік үзілді-кесілді қатып қалған, өзгермейтін ерекшелік емес. Дастанның кейбір жерлерінде 7,8 буынды жырларда да монолог, диалогтар кездесіп отырады. Ал 11 буынды жырлар белгілі бір оқиғаны баяндау үшін қолданылады.

«Қырық қыз» дастанының бізге екі нұсқасы – осы сөз болып отырған Құрбанбай Тәжібаевтан жазылып алынған нұсқа мен соңғы кездері Қияс жыраудан жазылып алынған нұсқасы ғана мәлім.

Басқа түркі халықтарында «Қырық қыз» дастанына ұқсас эпостар кездеспейді. Сондықтан «Қырық қыз» дастаны – қарақалшақ халқының өзіне ғана тән төл туындысы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сағитов И. Қарақалшақ халқының қахарманлық эпосы. Нөкіс, 1963.
2. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін А., 1996.
3. Мақсегов Қ. Қарақалшақ халқының көркем ауызекі туындылары. Нөкіс, 1996.
4. Қарақалшақ фольклоры, 6-том, «Қырық қыз» дастаны Нөкіс, 1979.
5. Қырық қыз (Аударған Х.Ерғалиев, С.Мәуленов) А., 1959.

REZUME

M.S.BEISENOVA (Shymkent)
KARAKALPAK HEROIC EPIC «KYRYK KIZ»

This article discusses the artistic features of Karakalpak heroic epic «Kyryk kiz».

Сейдин Елсүйерұлы ӘМИРЛАН

БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ОРТАҚ АРНАЛАР

(қазақ, қарақалпақ қызықтамалары мысалында)

В статье рассматриваются жанры прибауток и его особенности казахском и каракалпакском детском фольклоре, а также их отношение к обрядовым ритуалам.

Bu makalede, Kazak ve Karakalpak çocuk folklorundaki seyretme janrı ile bu seyretme janrının örf-adetlerle olan ilişkisinden bahsedilmiştir.

Балалар фольклоры – балалық шақтың бар болмысын, балғындардың кіршіксіз көркемдік талғамын, шынайы шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтық поэтикалық туындылардан бастау алады. Оның да негізгі қайнары ғұрыптық поэзия үлгілерімен сабақтасып жатыр. Халықтың сан-салалы салт-дәстүрінен туындаған осындай фольклорлық жанрлардың бірі – қызықтамалар.

Тақпақ, сұрамақ жанрлары тәрізді баяндау түрінде жырланатын қызықтамалар балалар туындылары санатына кіреді. Қызықтамалардың олардан ерекшелігі, ол белгілі сюжетке құрылған болады және онда юморлық сипат басым. Оның балалар үшін ғана емес, үлкендер үшін де қызықты болу сыры осында болса керек. Қазірге дейінгі зерттеулерде қызықтамалардың бала өмірінен алар орны ескерілсе де, олардың әр ұлтқа тән болған спецификалық белгілері, әсіресе, салтқа қатысты жағы назардан тыс қалған [6, 63; 2, 102; 9, 48; 12, 76; 14, 78].

Фольклордың қай-қайсы жанры да әр халықта өзіндік сипаттарына ие болатындығы белгілі. В.Я.Проптың жазғанындай, бір халықтың фольклорына тән болған жанрларды немесе жанрлық ерекшеліктерді, екінші бір халықтың мұрасына дәл солай қолданудың, қисынсыз телудің нәтижесіз екендігі айқын [11, 35-39]. Қазақ, қарақалпақ қызықтамалары жайлы да осылай тұжырымдауға болады. Сондықтан біз қазақ, қарақалпақ балалар фольклорындағы қызықтамалардың осындай қырларына көңіл аударуды жөн санадық.

Тарихы тамырлас, тағдыры ортақ болғандықтан, фольклордың басқа жанрлары сияқты қазақ, қарақалпақ қызықтамалары ортасында да өзара ұқсастықтар мол. Осы ұқсастықтың басты белгісі – жанр функциясының ғұрыптық жол-жосындар аясында орындалуында. Оны біз ұл баланы сүндетке отырғызу негізінде жүзеге келген халықтық дәстүрлерден айқынырақ көреміз.

Түркі дүниесінде «шүкіран», «қолды адалдау» деп аталатын сүндет ету дәстүрінің Орта Азия жұртшылығы ортасында ежелден-ақ болғандығы жайлы жазған Б.Сарымсақов, оның жергілікті халықтардың жас және жыныс инициациясы, яғни сынау салтымен байланысты туындағандығына мән берген [13, 191]. Ислам дінінің әсерімен «сүндет» (*аратша «ас-сунна»* –

«әдет») аталып кеткен осы ғұрыпқа қатысты берілетін жол-жоралғылар, тойлар Орта Азия қазақтары мен қарақалпақтары тұрмысында да өзіндік ерекшеліктерімен ажыралып тұрады [5, 17]. Алайда, бұл орында олардың жалпы жай-жапсарына толық тоқталып отырмаймыз. Біз үшін маңыздысы, осынау тойлардағы ғұрыптық шаралардан келіп шыққан қызықтамалар екендігін баса ескерткіміз келеді.

Әдетте, «сүндеттой» болған отбасыға ниеттестік таныта келген үлкендер жағы бата беріп, игі тілектерін білдірумен бірге, «жарақаты бар» баланың көңілін аулау, қиялын басқа жаққа аудару үшін әртүрлі қызықтамалар (*қарақалпақша «шақшақ»*) айтысады. Әлбетте, бұл – өз кезегінде баланың тез бойын жиып, оның лезде орнынан тұрып кетуіне де оң әсерін тигізері сөзсіз. Ал сүндет етілген (*«жігіт болған»*) баланың «жігітше», «бекше» (*діни түсінікте «мұсылман»*) т.б. деп аталатыны аян. Ол осындай көңілді шақта өзінің бозбала санатына қосылғандығын, тетелес ағалары мен үлкендерден үйренген қызықтамаларды айту арқылы білдіреді. Онда алдымен барша жігіттің басты арманы – болашақ «қалыңдық» жайы сөз болады:

*Қазы, қазы, қазы,
Қазы әкемнің қызы,
Ақ отауға кірді,
Айдан атпақ жүзі,
Ашалары соңында,
Ашарлары қолында,
Алтын сандық ашылды,
Ішінен парша шашылды,
Құш, құш, құшайық,
Қанат берің ұшайық,
Жасауларын жиганша,*

Қызды алып қашайық [15, 5]. Әрине, мұндай қызықтамалар өз-өзінен айтылмайды. Сүндет етілген баламен тілдескен үлкендердің «Обба балам-ей, әне жігітше болдың, көз астыңа алып жүргенің бар ма?», «Енді үйлендіреміз, қыз-пыз қарастырдың ба, қайынжұртың қайда?» деген секілді әзіл-қалжыңдарынан соң туындайды.

«Жігітше» жанына кемінде бір жетіге дейін күзет қойылады. Бұл – баланың ұйықтағанда шошынбауы, орнынан тұрғанда оқыс қимылдап, жарақатын ауыртып алмауы және тіл-сұқтан сақтануы үшін жасалатын ғұрыптық шаралар қатарына кіреді. Баланы сырткөзден, зиянкестерден қорғау үшін «шілделі үй» ішінде тез-тез адыраспан да түтетіліп тұрады. Өйткені, отбасы өміріндегі ғана емес, халық дәстүріндегі ең маңызды оқиға: «мұсылмандық парыз», «бабалар салты» (*қарақалпақша «бекшік жолы»*) саналатын осынау міндеттің орындалғаны үшін «шілделі үй» иелеріне «құтты болсын» айтушылардың қадамы бір сәтке де үзілмейді. Осындай мезеттерде де қызықтамалар айтылады [15, 4].

Құттықтап келушілер тақым арасы айыға бастаған баланы көңілдендіру үшін, әрі шақшасының қалып қойғандығын желеу етіп, одан «насыбай» («әпчу», «әку») сұрап, оның «ашы» яки «өткір» екенін айтысады. Жарасы біте бастаған болса, «Қобызың саз ба, жырлай ма?», «Дүмбірең орнында ма, түсіп қалмады ма?» деп әзілдеп, бала мүшесінің басына түкіреді. Ондай сауалдар әдепке де, әдетке де қайшы келмейді. Осынау сұрауларға бала жауабы да әрқашан дайын. Ол да салған жерден:

Лақайым басы қалайы,

Қырдың қызы анайы..., - деп әндетіп жібереді. Лақай – қарақалпақ халқының домбыра типіндегі шағын саз аспабы. Қуақы балалар әрдайым «лақай» аспабын тілге тиек ете отырып, жырлап жүреді [8,118]. Қазақ балалары оны:

Домбырам басы ырғай-ды,

Қыздар қолын бұлғайды..., - деген қатарлармен жалғастырып әкетеді. Осындай үлгідегі балалар өлеңдері (*қызықтамалар мен тақпақтар*) қазақ қарақалпақ халқы ортасында өте кеңінен танымал. Орта Азиядағы қазақ қарақалпақ балалары арасында жиі айтылатын соңғы қызықтама фольклор зерттеушісі І.Матыжанов тарапынан 1988 жылы жарық көрген «Ақ сандық, көк сандық» жинағына да енгізілген [1, 97]. Оның бір версиясы 1984 жылы шыққан өзбек балалар фольклорының топтамасында жарияланған болатын [3, 97-98]. Жігіт басынан өтетін қилы-қилы қызықтарға толы осы қызықтама соңы қазақшасында:

Ой-ой менің басым-ай,

Он бестегі жасым-ай, - деген сөздермен беріліп жүр [1, 97]. Мұнан, бұл қызықтаманың баспаға дайындалуында өзбек фольклоршылары жазып алған нұсқаның негізгі тұғыр етіп алынғандығы көрінеді [3,98]. Шындығында Орта Азия халықтары, соның ішінде қазақ, қарақалпақ балалары айтатын осы қызықтама:

Он үштегі жасым-ай, - деген жолдармен бітеді. Оны бір емес, бірнеше қызықтама үлгілерінен кезіктіреміз [3, 249; 15, 6, 7]. Бұл, тезірек он үшке шығуды, шынайы жігіттік кезеңге қадам басуды көксеген балдырған тілегінен туған ой. Оның төркінінде халық даналығында айтылатын «он үште отау иесі» деген азаматтық беделді аңсау мұраты жатыр. Себебі, «жігітше» деген «жаңа дәреже» таңылған балаға (*бес жасар сәбиге*) қалжың ретінде осындай талап қойылып отыр.

«Қалыңдық саудасы» бағдарында өрбитін оқиғалар «Түйе, түйе, түйелер», «Түлкі, түлкі, түлкішек» деген бастамаларға ие қызықтамалардан да табылады [1, 54; 7, 118]. Мәселен, тікелей қарақалпақ халқының басынан кешкен тарихи кезеңдердің кейбір тұстарын баяндайтын «Түлкішек» атты сұрамақ та тұрмыстық және ғұрыптық талаптарға сай осындай қызықтамаларға айналып қалған [4, 64-66; 10, 68-69]. Сайып келгенде, мұның бәрі де «мұсылмандық мәртебе» алған өспірімді жігіттікке қарай жігерлі қадам бастыру талабынан туған ізгі ниет екендігі хақ.

Белгілі өзбек ғалымы О.Сафаровтың дұрыс көрсеткеніндей, қызықтамалар түркі балалар фольклорындағы ескі жанрлардың бірі [12,87]. Әйтсе де, балалық бал дәуреннің қызықты әсерлерін өз бойына жиған қызықтамалардың барлық халықта да біркелкі сақталмағандығын, бірдей бағытта өрістемегендігін аңғардық. Бұл жайында М.Мельников пікірін құптаған І.Матыжанов, қазақша қызықтамалардың санаулы-ақ нұсқаларының бар екендігін, оның да қариялардан ғана жазып алынғандығын ескертсе, ал Орта Азияда жасаушы қазақ, қарақалпақ балалары ортасында керісінше жағдай көзге түседі [9,51;14,81]. Олардың репертуарында қызықтамалар қазір де елеулі орын тұтады және әдеттегіше, халықтық жол-жосындарға орай орындалады. Біз аталмыш регионда жасаушы қазақ, қарақалпақ балалар фольклоры бойынша материалдар жинау барысында осыны байқадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақ сандық, көк сандық (балалар фольклоры). – Алматы: Жазушы, 1988.
2. *Аникин В.П.* Русские народные пословицы, поговорки, загадки и детский фольклор. – М.: Просвещение, 1957.
3. Бойчечак (балалар фольклори, меҳнат кўшиқлари). – Тошкент: Адабиёт ва санъат нашриёти, 1974.
4. *Есбергенов Х., Хошаниязов Ж.* Этнографические мотивы в каракалпакском фольклоре. – Ташкент: Фан, 1988.
5. *Казакбаев С.С.* Каракалпакская обрядовая поэзия. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Нукус, 2000.
6. *Катица О.И.* Детский фольклор (песни, потешки, дразнилки, сказки, игры). – Л.: Прибой, 1928.
7. *Қанаатов Т.* Бухара қарақалпақлары фольклорында балалар қосықтары // Қарақалпақстан муғаллими. – Нөкис. 1998, -№1-2.
8. *Қанаатов Т.* М.Қашғарлы хәм халық аўызеки дәретиўшилиги // ӨзРИА ҚБ Хабаршысы. – Нөкис. 2009, -№3.
9. *Мельников М.Н.* Русский детский фольклор. – М.: Просвещение, 1987.
10. *Пахратдинов Ә.* Мәңили гәплер хәм халық әпсаналары. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1989.
11. *Протт В.Я.* Фольклор и действительность. – Л.: Наука, 1976.
12. *Сафаров А.* Балаларни эркаловчи ўзбек халқ кўшиқлари. – Тошкент: Фан, 1983.
13. *Ўзбек фольклори очерклари.* I т., – Тошкент: Фан, 1988.
14. *Ісләмжанұлы К.* Рухани уыз (қазақ балалар фольклоры). – Алматы: Ана тілі, 1995.
15. Этнологиялық экспедиция материаллары // «Әмир Едиге сарайы» этнокәрханасы архиви. – Нөкис, 2001. 1-7 дәптер.

REZUME

S.E.AMIRLAN (Nukus)
COMMON AREAS IN CHILD-LORE
(on the examples of Kazakh and Karakalpak catch phrases)

The child-lore genre and its peculiarities in Kazakh and Karakalpak child-lore, and also their relations to traditional rituals are considered in the report.

Оксана ДМИТРИЕВА

ПАНТЕОН БОЖЕСТВ В СВАДЕБНЫХ АЛГЫСАХ ЯКУТОВ

Мақалада отбасылық-тұрмыстық контексте якут фольклорындағы үйлену поэзиясы қарастырылады. Үйлену алғыстарына талдау жасалып, олардың семантикалық блогтары, композициялық құрылымы зерттелген. Мысал ретінде баспада жарияланған, кейбір өлі де ел аузында жүрген фольклорлық шығармалар негізге алынған.

Bu makalede, Saha folklorundaki evlenme şiirleri ile dilekleri incelenerek, onların poetik özellikleri detaylı olarak analize edilmiştir. Ayrıca, yayınlanan makale ve eserler örneğinde Sahaların mitolojik bakışları ve Tann panteonu tespit edilmiştir.

В последнее время обрядовая поэзия привлекает интерес у многих. Это объясняется тем, что произведения обрядовой поэзии являются уникальным наследием каждого народа, отражающими древнейшие представления, знания человека о мире, о человеке и его взаимодействиях с природой.

Исследованием традиционных верований, мифологии и обрядовой поэзии народов Сибири занимался Н.А. Алексеев (1975, 1980, 1984, 2008).

Мифы о сверхъестественных существах до нас практически не дошли. Но имена божеств и духов, их эпитеты, характеристики содержатся в гимнах и заклинаниях-алгысах, произносимых во время совершения ритуалов, посвященных им.

Для якута заклинание алгыс являлся постоянным спутником, он должен был помнить хоть какие-нибудь формулы алгыса. Крепка была его вера в магическую силу слов, которые должны были воздействовать, умиротворить и склонить к себе расположение богов и духов.

Почти все свадебные алгысы якутов начинаются с обращения к Светлым божествам айыы и духам-хозяевам иччи, просьбы доброго отношения к людям, описания принесенной жертвы или угощения, обращения к божеству или духу даровать от своего богатства, просьба о благополучии и счастье.

По мифологическим воззрениям якутов, вселенная состоит из трех миров: верхнего, среднего и нижнего. В Верхнем мире живут, по их представлению, добрые силы айыылар. В Среднем мире живут люди дьоннор, также иччилэр духи-хозяева или духи-покровители. Нижний мир населяют злые духи абааһылар.

Якуты - один из народов, в языческих верованиях которого не было единого бога. Вместо бога у них почитались божества - так называемые айыы, покровительствовавшие земным легендарным предкам якутов. Айыы отличались от других духов лишь жительством на девяти ярусах небес и преобладанием в их характере большей доброты. Однако, если им не угождали, айыы моментально превращались в самых злейших и мстительных духов.

Главным из божеств *айыы*, по верованиям якутов, считался *Үрүң Айыы Тойон* (Светлый создатель господин). В заклинании при вывешивании *саламы* (волосяная веревка с напизанными на нее дарами добрым и злым духам) сначала призывают его:

Үүт таас олбохтоох С молочно-каменным престолом
Сөгөлөннөөх түһэхтээх Со счастливым жребием
Үрүң Айыы Тойон! Юрюнг Айыы Тойон!

Из этого отрывка видно, что он живет на небе. Под молочно-каменным престолом подразумеваются облака. Якуты верили, что место обитания *Үрүң Айыы* представлялось якутам как прекрасная страна, поэтому в *алгысе* говорится, что у него счастливый жребий. *Үрүң Айыы тойон* считался создателем вселенной, живущим на девятом небе, а все остальные божества *айыы* – его домочадцами или прислужниками (*оруолдьуттар*) – *Дьөөһөгөй Айыы* (божество-покровитель коневодства), *Дьылҕа Хаан* господин и *Чыңыс биис* госпожа (божества-властители рока, судьбы), *Хотой Айыы* (Орел айыы, дух-покровитель и предок орлов и части якутов), *Барылыыр Бар Чанхар* господин и *Барылыыр Бар Чанхар* госпожа (белые божества).

Үрүң Айыы тойон считался творцом душ людей, рогатого скота и пр. Все якуты называли себя *айыы дьоно* (народ или люди *айыы*). Например, в *алгысе* в честь духа-хозяйки земли говорится об этом так:

Арҕабыттан тэһиннээх, С поводьями с загривками,
Аһынылаах санаалаах С милосердной мыслию шлемя,
Айыы Дьөөһөгөй аймаҕа. Творца Джесегей Айыы.

Согласно мифологическим воззрениям якутов, орел признавался одним из главных божеств *айыы*. Выше божества *айыы* Горбоносого орел хана был лишь *Үрүң Айыы тойон*. Например, в заклинании духа-хозяина огня помимо духа огня, призывают также *Хотой Айыы*.

Эбирдээх таннылаах, С рябыми ноздрями,
Хотоостугас хоноруулаах, С горбатым носом,
Хотой Айыыһыт! Наш Хотой Айыыһыт!

Из остальных божеств *айыы*, которых призывали в свадебных алгысах были *Иһэгэй Айыыһыт* – богиня покровительница рогатого скота, *Нэлбэй Айыыһыт* – богиня, способствующая деторождению, *Иэйиэхсит Хотун* – богиня, покровительствующая людям, лошадям, рогатому скоту. *Иэйиэхсит* помогает при родах. Охраняет роженицу и новорожденного.

Иэйиэхсит в отличие от *Айыыһыт* ничего людям не давала, а просто была посредницей и охранительницей какого-нибудь человека или животного. Например, в благословении матери невесты:

Аҕыс кырыылаах	С лоснящимися
Аҕыныахтаах дьылбэктээх	Восемь раз умащенными коленями
Ахтар Айыыһыт хотун!	Вспоминающая Айыысыт Госпожа!

Или в *алгысе*, произносимом перед отправлением свадебного поезда:
 Налыгыр Айыыһыт аҕаскыт аргыстастын, Степенная Айыысыт
 попутчицей будет пусть!
 Иһэҕэй Иэйиэхсит эдьийгит энэрдэстиһ! Добродетельная
 Иэйиэхсит сопровождает пусть!

Из материалов видно, что *айыыһыт* человека называли *Ахтар Айыыһыт* (Вспоминающая Айыысыт), или *Налыгыр Айыыһыт* (Степенная Айыысыт), или *Нэлбэй Айыыһыт* (Рассевшаяся Айыыһыт); *Айыыһыт* рогатого скота – *Иһэҕэй Иэйиэхсит* (Добродетельная *Иэйиэхсит*); *айыыһыт* собаки – *Норолуйа*. О том, что они живут на восточной стороне земли, в *алгысе* при вывешивании *саламы* говорится так:

Имэннээх ыгыстаах, С благодворящими ладонями –
 Илин диэки Иэйиэхсит эбэм! Восточная Иэйиэхсит-бабушка!

Так как якуты не имели обряда, посвященного одновременно всем обитателям Верхнего мира, в произведениях обрядовой поэзии нет его обобщенного, цельного описания. Каждый исполнитель-*алгысчыт* мог вносить те или иные изменения в общеизвестные традиционные и мифологические воззрения об обитателях Верхнего мира. Характеристика сверхъестественных существ, живущих в Верхнем мире, давались главным образом жрецами и шаманами в ходе исполнения обрядов, связанных с почитанием божеств *айыы* и верхних *абааы*. Якуты верили, что подробными «знаниями» об *айыы* и верхних *абааы* владели лишь шаманы и жрецы, которые излагали их рядовым верующим в своих молитвах и заклинаниях, являющихся образцами произведений обрядовой поэзии. В ходе их исполнения объяснялось, какую часть Верхнего мира в данном случае предстоит посетить, кто там живет и пр.

Древнетюркские представления о защите людей местными духами-хозяевами, такими как дух-хозяйка родовой территории, сверхъестественные хозяева горы, озера, около которых живет человек, дух-хозяин огня и т.п., сохранились у якутов в *алгысах*. По представлениям якутов, благополучная жизнь человека и его семьи во многом зависит от благосклонности духов-хозяев *иччи* дома, домашнего очага, двора, хлева и пр. Духи *иччи* похожи на человека. Древние якуты приписывали всем животным и природе человеческие качества. *Иччи* - очеловечивание всей природы якутами прошлого. Вот почему дореволюционные знатоки якутской старины *иччи* переводили как дух-хозяин. В этом выражении тонко подмечено то, что якутские *иччи* не являлись ни божествами, ни натуральными существами. К таким *иччи* относится почти весь пантеон духов якутской религии,

делившихся на добрых и злых. *Иччи* обитают в Среднем мире. Свойствами богов якутские *иччи* не обладали, им приписывалась лишь охрана природы при помощи специальных средств.

Следующим духом, которого заклинали в свадебных *алгысах* был дух-хозяин домашнего очага или домашнего огня. По якутским верованиям, огонь обладал сверхъестественным свойством изгонять злых духов. О магических свойствах огня В.Л. Серошевский писал: «Огонь бывает различный: бывает «огонь священный» (*айыы уота*), тот который высекают над павшим в обморок шаманом. Бывает огонь – создание *Улуу-Тойона* – огонь полезный, огонь обыденного обихода, ему приносят в жертву белого жеребца. Бывает, наконец, огонь ужасный, все истребляющий, порождение подземного старика (*аллараа оһонньор оноруулаах уот иччитэ*), которому приносят в жертву красного как кровь с темной спиной и белой мордой жеребца» [Серошевский 1896:665].

Материалы показывают, что якуты называют духа-хозяина огня по-разному – *Аал Дархан тойон* (Изначальный важный господин), *Аал Уххан* (*Аал* светлый), *Туенэ Монгол*. По представлениям якутов, этот дух представлялся в виде маленького седобородого старичка. Его обычно «видели» только во сне. Дух-хозяин домашнего очага, по мнению якутов, был полным и добрым у тех, кто хорошо к нему относился, и наоборот, тощим и злым у тех, кто не почитал его. Он мог взять под свое покровительство душу человека, охранять его от болезней и несчастий. Таким представлением о духе домашнего очага объясняется поверье о том, что нельзя «разбивать угли на очаге – души *кут* и *сюр* рождающихся детей обретаются там, можно их при этом разбить».

Следует отметить, что культ духа-хозяина домашнего очага и сейчас имеет широкое распространение. Якуты по возможности, иногда каждый день «кормят» огонь, при этом многие произносят *алгыс*.

